




Қол жеткен мақсаттардан
жаңа белестерге

Жылдық есеп
2018

25 жыл
лет
years KASE

МАЗМҰНЫ

1 БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

5 БИРЖА ТУРАЛЫ

- 6 Негізгі ақпарат
- 7 Биржа мүшелері
- 7 Іс-шаралар хронологиясы

15 БИРЖАНЫҢ СТРАТЕГИЯСЫН ІСКЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

- 16 2016-2018 даму стратегиясының миссиясы, мақсаты және негізгі бағыттары
- 17 1 Стратегиялық бағыт. Биржалық нарықты дамыту
 - 19 Қор нарығына жаңа эмитенттерді тарту
 - 22 Инвесторлық дерекқорды кеңейту
 - 26 Валюталық нарықты дамыту
 - 28 Клирингілік қызметті дамыту
- 28 2 Стратегиялық бағыт. Биржаның және оның қызметтерінің клиенттерге бағытталуы.
 - 28 Нарыққа қатысушыларымен және Биржа мүшелерімен жұмыс
 - 28 Корпоративтік сайтты дамыту
 - 29 Биржаның имиджі.н жақсарту және оның қызметі туралы ақпараттандырылуды арттыру
 - 30 Қызметтердің сапасын арттыру
- 31 3 Стратегиялық бағыт. Биржалық бизнестің тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру
 - 31 Стратегиялық серіктестік
 - 32 Нарықтық ақпаратты алға бастыру
 - 33 IT-жүйелерін дамыту
 - 33 Ақпараттық-техникалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету

35 НӘТИЖЕЛЕРГЕ ШОЛУ

- 36 Жаһандық контекст
- 38 KASE нарықтары
 - 40 Бағалы қағаздар нарығы
 - 47 Ақша нарығы
 - 50 Шетел валюталарының нарығы
- 52 Операциялық және қаржылық нәтижелер

56 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

60 КОРПОРАТИВТІК ЕСЕП

- 62 Корпоративтік басқару
- 66 Корпоративтік басқару
- 78 Ішкі аудит
- 69 Корпоративтік жауапкершілік және персонал

72 ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН ТЕРМИНДЕР



Жылдық есепті
сайттан жүктеп алу

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

Құрметті акционерлер мен серіктестер!

2018 жыл серпінді әрі қызықты жыл, алға қойған мақсаттарға жету, жаңа мүмкіндіктерді іске асыруға негіздер қалау жылы болды.

Жағымды макроэкономикалық жағдай сақталып, барлық қатысушылар үшін қаржыландыру құнының төмендеуі орын алды. Осының арқасында қор нарығында рекордтық нарықтық көрсеткішке қол жеткіздік. Бағалы қағаздар нарығындағы сауда-саттық көлемі 40 % өсіп, 4,9 трлн теңгені құрады, соның ішінде акциялар мен корпоративтік облигациялар нарығындағы сауда-саттық көлемі 2 есе өсті. KASE индексі 2018 жылдың қорытындысы бойынша 7 % өсіп, 2 304,94 нүктеге жетті.

2018 жылы KASE бағалы қағаздардың ресми тізіміне 46 эмитенттің 71 қаржы құралы, соның ішінде. Бұрын листинглік компания болмаған, 20 жаңа эмитенттің 22 қаржы құралы енгізілді. KASE тізімдеріндегі акциялардың атауларының саны, олардың эмитенттерінің санымен қатар, 2018 жылы тарихи максималды мәндерге – тиісінше 130 және 113 жетті. 2018 жылы "Қазатомөнеркәсіп" АҚ ұлттық компаниясының IPO болып өтті, осы эмитенттің акцияларының сауда-саттығы 2018 жылдың желтоқсан айында ашылды. Желтоқсан айында KASE индексіне алғашқы үлеспұлдық биржалық инвестициялық қордың (ETF) акцияларының сауда-саттықтары ашылды. KASE сауда-саттық алаңына ETF рұқсат ету бастамасшысы "Фридом Финанс" АҚ болды.

Қор нарығындағы бөлшек инвесторлардың шоттарының саны 2019 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша 116 824 жетіп, бір жылда 7 579 шотқа ұлғайды. Бөлшек инвесторлардың қатысу үлесі акциялар нарығында 50 % асып, қор нарығында қосымша өтімділігін арттырды.

2018 жылы Биржа үш жылдық даму стратегиясын іске асыруды аяқтады, оның мақсаттары биржалық нарықты дамыту, Биржаның және оның қызметтерінің клиенттерге бағытталуын және биржалық бизнестік бәсекеге қабілеттігін арттыру болып табылды.

Стратегия аясында, ең бастысы биржада жұмыс істегуе жеке бизнесті тартуға бағытталған, іс-шаралар жүргізіліп, альтернативті сауда-алаңы құрылып, тарифтер қайта қаралды. Биржа, капиталдың көздеріне рұқсаттамаларды қалыптастыру және стартап жобаларын қаржыландыру саласында айқындылықты қамтамасыз ету мақсатында, KASE Startup сауда-саттық алаңын құруды бастамалады. Бизнес субъектілерінің кең ауқымын қамтуға ұмтыла отырып, Биржа KASE Private Market сауда-саттық алаңын іске қосты.

Алға қойған мақсаттарға бірте-бірте беттей отырып, Биржа инвесторларға олардың инвестициялық таңдауларына сәйкес келетіндей қаржы құралдарын таңдауға мүмкіндік берді. Осылайша есептесуі АҚШ долларымен еурооблигациялардың және депозиттік қолхаттардың сауда-саттықтары іске қосылды. Аталмыш қаржы құралдарымен басқа Т+2 сызбасы бойынша есеп айырысуға МБҚ нарығының қаржы құралдары да ауыстырылды. Бүгінгі таңда Биржадағы қаржы құралдарының линейкасы бес валюталық жұп, акциялар мен облигациялар, МБҚ, валюталық тәуекелдерді сақтандырудың құралдарынан тұрады. Бүгінгі таңда барлығы 800 астам қаржы құралы Биржада саудаланады.

Өткен жылдың ең маңызды жобасы 2018 жылдың қазан айында валюталық нарықта Орталық контрагент қызметін іске қосу болды. Бұл Қазақстандағы биржалық нарықтың дамуының жаңа кезеңі Биржаның қор нарығының инфрақұрылымы қызметінің халықаралық стандарттарына жақындатады және, сауда-саттыққа қатысушылардың тәуекелдерін азайта отырып, капиталдың шетелдік қатысушыларын тартуға мүмкіндік туғызады. KASE бұл жобаның іске асырылуын 2019-2020 жылдары жалғастырып, қор нарығында және репо операциялары нарығында Орталық контрагент қызметтерін іске қосады.

Биржаның стратегиясын іске асыру шегінде және стратегиялық серіктесті тарту мақсатында, Биржа Мәскеу биржасымен келіссөздер жүргізіп, ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды. MOEX биржасымен ынтымақтастық биржалық сервистің дамуы үшін елеулі әлеует беріп, Биржаның сауда-клиринглік жүйелерін модернизациялауға, инфрақұрылымның сенімділігін арттыруға, қазақстандық және ресейлік сауда-саттыққа қатысушыларына және инвесторларына екі елдің нарықтарына өзара рұқсаттама беруге бағытталған. MOEX сауда-саттық жүйелері KASE нарыққа қатысушыларға жаңа қаржы құралдарын және есептесулердің жаңа әдістерін ұсынуға мүмкіндік береді.

Өткен жылдың ең жанға жағымды сәті Биржаның 25-жылдығын атап өту болды. Ширек ғасырда KASE, қатысушыларға валюталық, қор, мерзімдік және ақша нарығының түрлі қаржы құралдарымен сауда-саттық жүргізуге арналған толық инфрақұрылымды ұсынатын, валюталық сауда алаңынан бірегей әмбебап биржаға айналды.

Мерейтойға орай Биржа жыл бойы бір қатар іс-шаралар өткізді: KASE Talks ашық лекцияларының циклы басталып, осы лекциялар 2019 жылы жалғастырылды, "Болашақ құрылу тарихы" кітабы жарық көрді, осы басылымда "KASE: тұлғалы тарих" online жобасына нарыққа қатысушылардың берген сұхбаттары жиналды, алғашқы Қазақстандық биржалық форум болып өтті және KASE мұражайы ашылды. Осы іс-шаралар шегінде қоғам, серіктестер және қор нарығының кәсіби қатысушылары естеліктерімен және республиканың қор нарығының қалыптасуы және оның дамуына ықпал еткен негізгі факторлар туралы ақпаратпен бөлісті.

Стратегияның табысты іске асырылуы мен жаңа қызметтердің іске қосылуы арқасында Биржаның операциялық кірісі есептік жылдың қорытындысы бойынша 3 105 млн теңге деңгейінде қалыптасты, бұл оның алдындағы жылдың нәтижесінен 23,1 % артық. Қызметтер мен комиссияларда түскен пайда 21,7 % артып, 2 361,0 млн теңгені құрады, пайыздық кірістер 21,2 % ұлғайды.

Болашақта қор нарығын дамыту бойынша белсенді жұмысымызды жалғастырамыз, ақпараттық технологиялардың модернизациясын жүзеге асырып, клиенттерімізге қызметтердің жаңа түрлерін ұсынамыз.

Акционерлерге, кәсіби қатысушыларға, клиенттерге және серіктестерге конструктивті ынтымақтастығы, қолдау көрсеткені және сенім білдіргені үшін алғысымызды айтамыз.


Алина Алдамберген
Басқарма Төрайымы

БИРЖА ТУРАЛЫ

6 Негізгі ақпарат

7 Биржа мүшелері

7 Іс-шаралар хронологиясы



НЕГІЗГІ АҚПАРАТ

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE немесе Биржа) көпфункционалы сауда-саттық алаңы болып табылады.

KASE қызметтеріне бағалы қағаздардың листингі және басқа да қаржы құралдарын айналысқа жіберу, қаржы құралдарының маманданымына сәйкес келетін, сауда-саттықтың түрлі әдістерін қолданумен қаржы құралдарының сауда-саттығын ұйымдастыру, сауда-саттықтың алдындағы және содан кейінгі процедураларды ұсыну, бағалы қағаздарды орналастыруда букраннер функциясын атқару, кейбір биржалық нарықтарда клиринг пен есеп айырысуларды жүзеге асыру, нарықтың тәуекелдерді басқару, сондай-ақ нарықтық ақпаратты сату және технологиялық шешімдерді жеткізу болып табылады.

Биржа өз қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы негізінде жүзеге асырады:

1. 2012 жылдың 19 шілдесіндегі Бағалы қағаздар нарығында қызметтерді жүзеге асыруға № 4.2.3/1 лицензиясы келесіге құқықтар береді:
 - бағалы қағаздармен және басқа да қаржы құралдарымен сауда-саттықтар ұйымдастыру бойынша қызмет;
 - бағалы қағаздар нарығында қаржы құралдармен жасалған мәмілелер бойынша клирингілік қызмет.
2. 2018 жылдың 05 қыркүйегіндегі ұлттық және шетел валютасындағы банктік операцияларды жүргізуге № 4.3.8 лицензия.

KASE шетел валютасы мен деривативтер нарықтарында орталық контрагент функциясын атқарады.

2019 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша Биржаның тізімдерінде 160 эмитенттің бағалы қағаздары болды, олардың ішінде Қазақстан республикасының мемлекеттік сыңайлы сектордың ірі компаниялары, банктер мен жекеменшік компаниялар.

Қазақстан Республикасының лицензияланған екінші деңгейдегі 28 банктердің 25, барлық лицензияланған брокерлік ұйымдары, екі шетелдік брокерлік компания және екі халықаралық қаржы ұйымдары Биржа мүшесі және биржалық сауда-саттықтарға қатысушысы болып табылады.

KASE инвесторларға және бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларына нақты уақыттағы биржалық ақпаратты, мұрағаттық және анықтамалық мәліметтерді қамтитын, ақпараттық өнімдердің кең спектрын ұсынады.

БИРЖА МҮШЕЛЕРІ

2019 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша 52 компания бір немесе бірнеше санат бойынша KASE мүшесі болды, соның ішінде: 29 компания валюталық санат бойынша, 45 – қор санаты бойынша және 22 – деривативтер санаты бойынша мүшелік мәртебесіне иеленді.

2018 жыл барысында KASE мүшелігінен бес ұйым шығарылды. Мүшеліктен шығарудың себебі қаржы ұйымдарының бірігу арқылы ерікті қайта ұйымдастырылуы болды – "Казкоммерцбанк" АҚ "Қазақстан халық жинақ банкі" АҚ-мен, "АСЫЛ-ИНВЕСТ" АҚ "Фридом Финанс" АҚ-мен, сондай-ақ "Эксимбанк Қазақстан" АҚ, "QazaqBanki" АҚ, "Астана Банкі" АҚ лицензиялары алынып, соңынан жойылды.

KASE мүшелігіне қор санаты бойынша "ФридомФинанс" ИК КАҚ (Ресей Федерациясы) қабылданды.

ІС-ШАРАЛАР ХРОНОЛОГИЯСЫ

Қаңтар

09 қаңтарда Биржада "Эмитент күні" іс-шарасы шегінде "Кселл" АҚ жетекшілігінің бағалы қағаздар нарығының институционалдық инвесторларымен және кәсіби қатысушыларымен кездесу өткізілді.

24 қаңтарда Биржаның өкілдері UN Sustainable Stock Exchanges Initiative (Инициатива SSE) және Лондон қор биржасының (Ұлыбритания) қолдауымен International Finance Corporation World Bank Group ұйымдастырған дөңгелек үстелдің отырысына қатысты. Бұл іс-шара дамып келе жатқан нарықтарда компаниялар үшін ақпараттар ашу, айқындылықты қамтамасыз ету және экологиялықты бағалау практикасын тарату, әлеуметтік жауапкершілік және корпоративтік басқару (ESG критерийлері) сұрақтарын талқылауға арналды.

Ақпан

08 ақпанда Биржаның өкілдері Душанбе қаласында болып өткен (Тәжікстан Республикасы) "ТМД биржалары: қаржы құралдары, сервистер және технологиялар" бизнес-форумына қатысты.

14 ақпанда 2017 жылдың қорытындысы бойынша ең үздік Биржа мүшелерін, листингілік компанияларды және БАҚ өкілдерін марапаттау өткізілді. Түрлі номинацияларда жеңімпаздар атанғанда: "Фридом Финанс" АҚ, "Банк ЦентрКредит" АҚ еншілес ұйымы – "BCC Invest" АҚ, "Қазақстан халық жинақ банкі" АҚ, "Казкоммерц Секьюритиз" АҚ ("Казкоммерцбанк" АҚ еншілес ұйымы), "Қазақстан Халық Банкінің еншілес ұйымы "Halyk Finance" АҚ, "АТФБанк" АҚ, "Қазмұнайгаз" Барлау Өндіру" АҚ, KAZ Minerals PLC. БАҚ өкілдері арасында "Курсив" газеті, forbes.kz интернет-сайты, "LS TV" агенттігі сияқты жарияланымдар мен ақпараттық ресурстар аталды.

15 ақпанда Биржаның өкілдері Халықаралық Бизнес Академиясында болып өткен жас ғалымдар мен бизнес-лидерлердің жоғарғы оқу орындары арасындағы "Ғылым және бизнес: инновациялық дамудың механизмдері мен приоритеттері" тақырыбына мерейтойлық ғылыми-практикалық конференциясына қатысты.

21 ақпанда "Бағалы қағаздар нарығында қалай сауда жасайды" тақырыбына жоо қаржы-экономикалық факультеттерінің оқытушыларына арналған оқу іс-шарасы болып өтті.

27-28 ақпанда Биржаның өкілдері Маскат қаласында (Оман Сұлтанаты) болып өткен, XIII Дүниежүзілік биржалық конгресске қатысып, биржалық бизнестің даму перспективалары, биржалық нарықтағы жаңа технологиялар, депозитарийлердің есепке алу жүйелерін өзгерту және биржалық қызметтерді диверсификациялау мүмкіншіліктері талқылады.

27 ақпанда Биржаның өкілдері Ресей мен ТМД елдерінің борыштық капитал нарықтарының мүмкіншіліктерін "Ресей мен ТМД облигациялары, несиелері және деривативтері" жыл сайынғы конференцияға қатысты.

Наурыз

01–02 наурызда FEAS Жұмыс комитетінің және жыл сайынғы FEAS Бас ассамблеясының 77-ші отырысы болып өтті. Іс-шарада бір қатар ішкі реттеуші құжаттар қаралып, FEAS дамуының болашаққа жоспарлар мен FEAS мүшелері арасындағы ынтымақтастықтың бағыттары қаралды. Биржаның өкілдері KASE бастамалары мен жобаларын назарға ұсынды.

02 наурызда Өскемен қаласында "Атамекен" ҚР ҰКП қолдауымен "Қазақстан қор биржасында қаржыландыру тарту мүмкіндіктері" тақырыбына Шығыс-Қазақстан облысының бизнес-қауымдастығымен дөңгелек үстел өткізілді.

05 наурызда Алматыда "Даму" қорының қолдауымен "Қазақстан Республикасында исламдық қаржыландыруды енгізу" тақырыбына семинар өткізілді.

07 наурызда "Ring the Bell for Gender Equality" бағалы қағаздардың сауда-саттығын салтанатты ашу церемониясы өткізілді. Бұл іс-шара 8 наурыз Халықаралық әйелдер күніне орай ұйымдастырылып, БҰҰ жариялаған, тұрақты даму идеяларын алға тарту, соның ішінде гендерлік тең құқылыққа қол жеткізу мақсаттарында, жыл сайын өткізіледі.

15 наурызда "Тұрақты қор биржалар" атты БҰҰ бастамасы шегінде International Finance Corporation World Bank Group, EY компаниясы және Биржа спикерлерінің қатысуымен "Экологиялылық, әлеуметтік жауапкершілік және корпоративтік басқару критерийлеріне сәйкес ақпараттар ашу" (ESG критерийлері) тақырыбына дөңгелек үстел өткізілді.

16 наурызда жоғарғы оқу орындарының қаржы-экономикалық факультеттерінің студенттеріне арналған "Бағалы қағаздар нарығында қалай сауда жасайды" тақырыбына оқу семинары өткізілді. Осы семинарда Биржа мен брокерлік компаниялардың өкілдері спикер болды.

29 наурызда Астана қаласында "Самұрық-Қазына" Корпоративтік университетінде "Қор нарығының негіздері" тақырыбына семинар өткізілді. Осы семинарда Биржа мен брокерлік компаниялардың өкілдері спикер болды.

29 наурызда, Биржаның 25-жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған және Қазақстан қор нарығының дамуы сұрақтарына арналған, KASE Talks ашық лекциялар циклы басталды.

29 наурызда Биржа мүшелерінің, кастодиан-банктердің, Орталық депозитарийдің қатыуымен дөңгелек үстел өткізілді. Кездесуде брокерлік компаниялардың кастодиан-банктермен бағалы қағаздармен операциялар жүргізгенде өзара әрекеттестігі сұрақтары талқыланды.

30 наурызда Астанада "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" АҚ (бұдан әрі – "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ) қазынашылығының қызметкерлеріне арналған, "Компанияның капиталын тиімді басқару үшін арналған қор нарығының қаржы құралдары" тақырыбына оқу семинары болып өтті.

Сәуір

04 сәуірде Астана қаласында "Самұрық-Қазына" Корпоративтік университетінде корпоративтік хатшылардың жалпы сертификациясы шегінде Биржаның өкілі "Биржадағы листинг: негізгі талаптар" және "Листингілік компанияның мәртебесі: ақпараттар ашу және компанияның қызметінің айқындылығын қамтамасыз ету" тақырыптарына сөз алды.

09 сәуірде инвесторлардың, стартаптар және қаржыландыруға мүдделі компаниялардың арасында коммуникацияларды қалыптастыру үшін арналған, KASE Startup сауда-саттық алаңы ашылды.

09 сәуірден бастап жаңа қаржы құралдары: CNY/KZT және RUB/KZT валюталық жұптарына қатысты валюталық своп операцияларының және есептесуі T+2 теңгемен ресей рублінің (RUBKZT_SPT) сауда-саттықтары ашылды.

09 сәуірде Атырау қаласында Атырау ӨКП бірлесе отырып, өңірдің бизнес-қауымдастығының өкілдеріне арналған дөңгелек үстел өткізілді. Кездесуде қор нарығының қаржы құралдары туралы ақпарат ұсынылды.

11 сәуірде Атырау қаласында "Global Oil & Gas Atyrau 2018" халықаралық көрмесі шегінде Биржаның өкілдері "Қазақстан қор биржасы – қаржы тартудың платформасы" презентациясымен панельдік сессияда сөз алды.

17 сәуірде Биржада "Эмитент күні" іс-шарасы өткізілді, осы іс-шара аясында "KEGOC" АҚ жетекшілігінің институционалдық инвесторлармен және компанияның акционерлерімен кездесу өткізілді. "KEGOC" АҚ жетекшілігі кездесуге қатысушылармен ағымдағы жобалар, операциялық және қаржылық қызметтің нәтижелерін талқылады.

19 сәуірде Астана қаласында, MINEX тоғызыншы тау-кен-геологиялық форумы аясында Биржаның өкілдері, жер қойнауын пайдалану жаңа нысандарына инвестициялар тарту тәуекелдері мен перспективаларын бағалау, әлеуметтік-экологиялық жауапкершіліктің алғы шептегі стандарттарын енгізу, саланың сапалы өсуін қамтамасыз ету үшін "ақылды" технологияларды енгізу сұрақтары талқыланған, панельдік сессиясында сөз алды.

19–20 сәуірде "Cbonds Emerging Markets Bond Conference" VII конференциясы болып өтті, осы іс-шарада Биржаның өкілдері "Қазақстандық корпоративтік облигациялар нарығы: болашаққа қадам" тақырыбына сөз алды.

20 сәуірде Биржада "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ арналған "Эмитент күні" іс-шарасы болып өтіп, Биржада Банктің ұлттық валютада номинацияланған, еурооблигацияларын Биржада шығару аясында инвесторлармен және бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларымен кездесу өтті.

22 сәуірден бастап Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыру ережелеріне енгізілген түзетулер өз күшіне енді, осы түзетулерге сәйкес брокерлік ұйымдарға валюталық нарықтағы сауда-саттықтарға қатысуға рұқсаттама берілді.

24 сәуірде Қарағанды қаласында Биржаның өкілдері "Mining Week Kazakhstan" халықаралық көрмесінде қаржыландыру тарту және кәсіпкерлердің қор нарығындағы инвестициялық мүмкіншіліктері сұрақтары жөніндегі секциясына қатысты.

26 сәуірде Алматыда "Даму" қорында "Қор нарығының негіздері" семинары өткізілді. Биржа мен брокерлік компаниялардың өкілдері спикерлер ретінде сөз алды.

Мамыр

17 мамырда Global Challenges Summit XI Астаналық экономикалық форум болып өтті, осы іс-шарада Биржаның өкілдері, бизнес-сектордың тұрақтылығын арттыруға және тұрақты экономикалық өсуге қолжеткізу тақырыбына арналған, панельдік пікірталастарға қатысты.

24 мамырда Алматы қаласында "Инвесторлармен және басқа да мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу негіздері (IR)" тақырыбына семинар болып өтті. Іс-шараның спикерлері Refinitiv ақпараттық-талдамашылық агенттіктің, International Finance Corporation, World Bank Group, "PG Communications" ЖШС қазақстандық компаниясының, "Global PR & IR Advisory EM" халықаралық IR-агенттігінің және Биржаның өкілдері болды.



25 мамырда Алматыда "PG Communications" ЖШС компаниясымен және "Global PR & IR Advisory EM" халықаралық IR-агенттігімен бірлесе отырып, "Көкейкесті сұрақтар: компанияны басқару жүйесіндегі PR және IR орны" тақырыбына дөңгелек үстел өткізілді.

25 мамырда отандық нарықтағы инвестициялау мәселелері бойынша сақтандыру компанияларымен дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Іс-шара барысында сақтандыру компанияларының инвестициялық белсенділігін арттыру, сақтандыру компаниялардың белсенділігін тежеуші бөгеттерді және сақтандыру компанияларының қор нарығына қатысуын белсендіру үшін қажетті нақты шараларды талқылау жүргізілді.

28–30 мамырда Ташкент қаласында (Өзбекстан) Өзбекстан Республикасының бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушыларымен танысу форматында көшпелі іс-шарасы өткізілді. Биржаның делегациясы "Тошкент" Республикалық қор биржасының, Өзбекстанның Орталық депозитарийінің өкілдерімен және Өзбекстанның бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушыларымен кездесті. Кездесулер барысында бағалы қағаздар нарығының заңнамалық базасына енгізілетін өзгертулер талқыланып, листинг процедурасы мен ынтымақтастықтың әлеуетті мүмкіндіктері туралы әңгіме қозғалды.

31 мамырда Астана қаласында Биржаның өкілдері ТМД және Балтия елдерінің XV Облигациялық конгрессіне қатысып, "Қазақстан Республикасының қаржы нарығын реттеу және оның инфрақұрылымы" панельдік сессиясында сөз алды.

Маусым

01 маусымда Биржада қор нарығының және корпоративтік басқару мәселелері бойынша Қазақстанның медициналық мекемелерінің өкілдерімен дөңгелек үстел болып өтті.

06 маусымда Астана қаласында "Самұрық-Қазына" Корпоративтік университетінде корпоративтік хатшылардың жалпы сертификаттауы шегінде Биржаның өкілдері "Биржадағы листинг: жаңа талаптар" және "Листингілік компанияның мәртебесі: ақпараттар ашу және компанияның қызметінің айқындылығын қамтамасыз ету" тақырыптарына әңгіме қозғады.

15 маусымнан бастап, шағын және орта бизнестің субъектілеріне арналған, көпшілік компания мәртебесін алуды қажет етпейтін қаржыландырудың альтернативті көзі болып табылатын, Биржада KASE Private Market сауда-саттық алаңы ашылды.

19 маусымда Биржаның өкілдері "Astana Mining & Metallurgy – АММ 2018" форумына қатысып, "Биржаның капитал нарықтарында ТКМК үшін қаржы тарту мүмкіншіліктері" және "Тұрақты дамуды алға тартудағы биржалық тәжірибе" тақырыптарына сөз алды.

21 маусымда Астана қаласында AstanaHub Халықаралық IT-стартаптар технопаркінде "KASE Startup" сауда-саттық алаңының презентациясы назарға ұсынылды.

28 маусымда Биржада "Бағалы қағаздар нарығында қалай сауда жасайды" тақырыбына оқу семинары болып өтті. Биржаның және брокерлік компаниялардың өкілдері спикер ретінде оқыту жүргізді.

28 маусымда Астанада "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ бірлесіп, "Топішілік қаржыландыруға арналған KASE қаржы құралдары" тақырыбына дөңгелек үстел өткізілді.

20–21 маусымда Астана қаласында "Дүниежүзілік Тау-кен Конгрессі" болып өтті. Биржаның өкілдері "Әлемдік бизнес – тау-кен компанияларды қаржыландыру үшін капитал тарту" және "Тұрақты даму – тұрақты дамудың қаржылық тұрақтылыққа ықпалы және тәуекелдерді ескеру" атты екі сессияға қатысты.

28 маусымда Лондонда (Ұлыбритания) "Investment Opportunitites in Kazakhstan" конференциясы болып өтті. Жиында Қазақстанның ақша-несиелік саясатының даму бағыттары, Қазақстанның биржалық нарықтарында қалыптасқан тенденциялары, KASE мемлекеттік бағалы қағаздар нарығының қазіргі жағдайы, сондай-ақ шетелдік компаниялар үшін қор нарығындағы инвестициялық мүмкіндіктері талқыланды.

Шілде

11 және 14 шілдеде Алматы қаласында Биржаның өкілдері "Professionalize Kazakhstan" ("K-pro3") оқу бағдарламасына қатысып, "Diversity" және "Капитализация – бизнестің тиімді қызметінің индикаторы" тақырыптарына лекция оқыды.

11 шілде күні Биржада қор нарығын дамыту, облигациялар бойынша купондық мөлшерлемені субсидиялау механизмін енгізу, АҚШ долларында номинацияланған еурооблигациялар бойынша есептесулер жүргізу мәселелері бойынша брокерлік компаниялармен дөңгелек үстел өткізілді. Биржа осы іс-шараға қатысушыларға Биржаның іске асырылған жобалары мен әрі қарай дамуының стратегиялық бағыттары туралы ақпараттар ұсынды.

23 шілдеде Биржа мен "KAZENERGY" Қазақстан мұнайгаз және энергетикалық ұйымдарының ассоциациясы" ЗТБ отандық және шетелдік компанияларды, соның ішінде Ассоциацияның мүшесі болып табылатын компанияларды, Қазақстанның қор нарығына эмитенттер мен инвесторлар ретінде тарту бойынша ұсыныстар әзірлеу аясында, Биржа мен Ассоциацияның ынтымақтастығына және өзара әрекеттестігіне бағытталған, меморандумға қол қойды.

Қыркүйек

10 қыркүйектен бастап есептесуі келесі жұмыс күні (Т+1) теңгенің АҚШ долларына USDKZT_TOM орташа сараланған биржалық бағамы бағамқұраушы қаржы құралы ретінде пайдалана басталды. Бұл жаңа енгізілімнің мақсаты – теңгенің құбылмалы айырбастау бағамы тәртіптемесінде шетел валюталары нарығында репрезентативтірек индикаторды жасау болды.

12 қыркүйекте Биржа мен "Bloomberg" ақпараттық-талдамашылық агенттігі "Bloomberg Day on KASE" атты дөңгелек үстелдің отырысын өткізді, іс-шараның мақсаты инвесторлармен және өзге де мүдделі тұлғалармен өзара әрекеттестік аясында замани тенденциялармен, сондай-ақ компанияның инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін қаржы құралдармен аудиторияны таныстыру болды.

13 қыркүйекте Ташкент қ. (Өзбекстан Республикасы) "Өзбекстан Республикасының капитал нарығы" халықаралық конференциясы болып өтті, осы іс-шараны ұйымдастырған "Cbonds Congress" халықаралық агенттігі. Биржаның өкілі "Өңірдің иневстициялық мүмкіндіктері және еларалық ынтымақтастықтың перспективалары".

14 қыркүйекте KASE мен "Тошкент" Республикалық қор биржасы ұлттық қор биржаларының тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру аясында, екі биржаның арасында ынтымақтастықты тереңдетуге бағытталған, өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

17 қыркүйектен 17 қазанға дейін қаржы-экономикалық және басқа да мамандық студенттеріне арналған, оқу бағдарламасы шегінде кәсіби білімдерді кеңейтуге ниеттенген, сондай-ақ қор нарығында практикалық тәжірибе алу үшін, "Биржалық симулятор" білім беру жобасы жүргізілді.

17 қыркүйектен бастап KASE есептесуі Т+2 сызбасы бойынша АҚШ долларымен листингілік еурооблигациялардың сауда-саттықтарын іске қосты.

18 қыркүйекте Биржаның өкілдері Алматы қ. өткен "S&P Global 2018: экономика және Қазақстанның банктік секторы" жыл сайынғы конференциясына қатысып, "Қазақстанның биржалық нарығының ағымдағы трендтері" тақырыбына сөз алды.

18 қыркүйекте "KASE: тұлғалы тарих" онлайн жобасы іске қосылды, осы іс-шара Биржаның 25-жылдық мерейтойына орай ұйымдастырлды. Осы жоба аясында бірқатар жарияланымдардың сериясы – Қазақстан Республикасы қор нарығының қалыптасуына және дамуына айтар үлес қосқан тұлғалардың сұхбаттары мен естеліктері жарық көрді.



20 қыркүйекте Алматы қаласында "Корпоративтік басқарудың негіздері" тақырыбына семинар өткізілді. Осы іс-шараның спикерлері International Finance Corporation, World Bank Group, TOO "Governance & Management Consulting" және Биржаның өкілдері болды.

25 қыркүйекте Биржада "KEGOC" АҚ арналған "Эмитент күні" іс-шарасы өткізілді, осы іс-шара аясында компания 2018 жылдың бірінші жарты жылдығындағы атқарылған жұмыстардың қорытындыларымен бөлісіп, дамуының стратегиялық жоспарлары туралы айта кетті.

26 қыркүйекте Астанада "Самұрық-Қазына" Корпоративтік университетінде корпоративтік хатшыларды жалпы сертификаттау шегінде Биржаның өкілі "Биржадағы листинг: негізгі талаптар" және "Листингілік компанияның мәртебесі: ақпараттар ашу және компания қызметінің айқындылығын қамтамасыз ету" тақырыптарына сөз алды.

28 қыркүйекте Биржада бөлшек инвесторларға арналған "Бағалы қағаздар нарығында қалай сауда жасайды" білім беру семинары өткізілді. Осы іс-шараның спикерлері Биржаның және брокерлік компанияның өкілдері болды. Білім беру бағдарламасы аясында "Қаржылық дегустация" интерактивті ойыны өткізілді.

Қазан

01 қазаннан бастап KASE шетел валюталары нарығында Орталық контрагент функциясын атқара бастады.

02 қазаннан бастап "Alma-U-дағы Биржаның күні" іс-шарасы шегінде "Alma-U" студенттеріне арналған қонақтардың дәрістері ұйымдастырылды.

02–04 қазан аралығында Биржаның өкілдері Афины қаласында (греция) болып өткен Дүниежүзілік биржалар федерациясының (World Federation of Exchanges, WFE) 58-ші Бас Ассамблеясы мен Жылдық жиналысына қатысты. Іс-шаралар барысында биржалық бизнесті дамытудың және, нарықтық инфрақұрылымға ықпал ететін, жаңа сын-тегеуріндегі сұрақтары, сондай-ақ тұрақты даму мәселелері талқыланды.

10 қазанда Биржа мен MOEX Стратегиялық ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды, осы келісім Мәскеу биржасымен KASE орналастырған акцияларының 20 % сатып алуын және MOEX сауда-клирингілік жүйелерін KASE нарықтарында енгізуді қарастырады.

12 қазанда Қостанай қаласында "KostanayInvest 2018" екінші өңірлік инвестициялық форумының шегінде Биржаның өкілдері "Қазақстан қор биржасы – қаржыландыру тартудың платформасы" тақырыбындағы панельдік сессиясында сөз алды.

25 қазанда Ақтау қаласында "KASE day in Aktau" іскери таңғы ас ұйымдастырылып, осы іс-шараға өңірдегі ірі компаниялардың жетекшілері, шағын және орта бизнестің өкілдері және Биржаның өнімдері мен қызметтерін алға тарту аясындағы Биржаның серіктестері қатысты.

25 қазанда KAZRC Ассоциациясының, SRK Consulting, Биржаның спикерлерінің және жер қойнауын пайдаланушылардың өкілдерінің қатысуымен "Минералды ресурстардың немесе мұнай мен газдың қорлары бойынша көпшілікке есеп беруді дайындау" тақырыбына дөңгелек үстел өткізілді.

28 қазанда Абу Даби қаласында (БАӘ) Биржаның өкілдері FEAS жыл сайынғы кездесуінің шегінде өтетін Бас Ассамблеяның, Жұмыс комитетінің және Аудиторлық комитеттің отырыстарына қатысты.

29–30 қазанда FEAS мүшелерінің жыл сайынғы кездесуі аясында алғашқы рет "Сауда-саттық және есеп айырысудың толықтырылған нақтылығы" тақырыбына "ConFEAS 2018" конференциясы болып өтті. Осы конференцияда MiFid II енгізу, реттеушінің капитал нарығын дамытуда қолдау сұрақтары, бағалы қағаздардың сауда-саттығы бойынша транспорттық байланыстар мен қаржылық технологияларды болашағы (Fintech) мәселелері талқыланды.

Қараша

01 қарашадан 14 желтоқсанға дейін акциялар нарығында бөлшек инвесторлардың арасында байқау өткізілді. Байқауға барлығы 200 бөлшек инвестор қатысты. Байқау барысында қатысушылар жалпы сомасы 256 млн теңгеден астам 2 588 мәміле жасасты, ең үздік кірістілік жылдық 13,7 % құрады.

01 қарашада Алматы қаласында Биржаның өкілдері ШОБ бойынша кеңес берушілерге арнап EBRD ұйымдастырған, "Капитал нарықтарының құралдары" оқу бағдарламасына қатысып, "Қазақстан қор биржасы – инвестициялар тартудың платформасы" дәрісімен сөз алды.

16 қарашада Алматыда, Биржа мен Қазақстанның Ұлттық Банкі "Қазақстан қаржыгерлерінің ассоциациясы" ЗТБ бірлесіп ұйымдастырған, VIII Қаржыгерлер конгрессінің шегінде "Экономиканың тұрақты дамуында қор биржаларының атқаратын рөлі" тақырыбына Қазақстандық биржалық форум болып өтті.

23 қарашада Биржада "Эмитент күні" іс-шарасы шегінде "ҚазАгроҚаржы" АҚ жетекшілігінің, жоспарланған коммерциялық облигацияларын орналастыруға орай, институционалдық инвесторлармен және бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларымен кездесу болып өтті. Кездесуде "ҚазАгроҚаржы" АҚ жетекшілігі қаржылық нәтижелер мен ағымдағы жобалар туралы, сондай-ақ, жоспарланған коммерциялық облигацияларын қосымша орналастырудың параметрлері туралы айта кетті.

27 қарашада Алматы қаласында "Даму" Қорында "Қор нарығының негіздері" атты семинар өткізілді. Биржаның және брокерлік компаниялардың өкілдері семинардың спикерлері болды.

29 қарашада Алматыда Биржаның өкілдері "Governance & Management Consulting" ЖШС және International Finance Corporation World Bank Group ұйымдастырған, "Әйелдердің қатысуымен директорлар кеңестеріне жаңа көзқарас" тақырыбына гендерлік теңдік сұрақтарына арналған дөңгелек үстелдің отырысы болып өтті. Биржа "Гендерлік теңдікті алға тартуда қор биржаларының атқаратын рөлі" тақырыбына баяндама жасады.

Желтоқсан

04 желтоқсаннан бастап МБҚ нарығының қаржы құралдарын есеп айырысудың T+2 сызбасына ауыстыру жүзеге асырылды.

06 желтоқсанда Астана қаласында "Атамекен" ҚР ҰКП "Инвесторлармен өзара әрекеттесу негіздері (IR)" семинары өткізілді. Семинардың спикерлері болып "Ernst&Young Advisory LLP" компаниясының, "S&P Global Ratings" халықаралық рейтингілік агенттігінің, "KEGOC АҚ және "ҚазТрансОйл" АҚ қазақстандық компанияларының, сондай-ақ Биржаның өкілдері сөз алды.

07 желтоқсанда Астана қаласында Биржаның 25-жылдығына орай "KASE Day in Astana" бизнес-таңғы асы өткізілді.

07 желтоқсанда Ақтөбе қаласында "Ақтөбе-Инвест 2018" өңірлік инвестициялық форумның жұмысына қатысып, "KASE – қаржыландыру тартудың платформасы" тақырыбына сөз алды.

14 желтоқсаннан бастап Биржада, FinEx Physically Backed Funds Plc (Ирландия) инвестициялық қормен шығарылған, FinEx FFIN Kazakhstan Equity ETF сегрегацияланған қосалқы қор акцияларының сауда-саттықтары ашылды. Осының алдында, қазан айында KASE индексіне биржалық инвестициялық қор акцияларының сауда-саттықтары Мәскеу қор биржасында ашылған.

21 желтоқсанда Биржада ұлттық қор нарығының даму мәселелері бойынша брокерлік компанияларға арналған дөңгелек үстел ұйымдастырылып, өткізілді. Іс-шара барысында Биржа іске асырылған жобалар мен әрі қарай дамуының стратегиялық бағыттары мен іске асыруға жоспарланған жобалар туралы ақпараттандырды.

21 желтоқсанда жеке инвесторларға арналған "Бағалы қағаздар нарығында қалай сауда жасайды" оқу семинары өткізілді. Оқу бағдарламасы шегінде "қаржылық дегустация" интерактивті ойыны өткізілді.

БИРЖАНЫҢ СТРАТЕГИЯСЫН ІСКЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

- 16 2016-2018 Даму стратегиясының миссиясы, мақсаты және негізгі бағыттары
- 17 1 Стратегиялық бағыт. Биржалық нарықты дамыту
- 28 2 Стратегиялық бағыт. Биржаның және оның қызметтерінің клиенттерге бағытталуы. Нарыққа қатысушыларымен және Биржа мүшелерімен жұмыс
- 31 3 Стратегиялық бағыт. Биржалық бизнестің тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру

2016-2018 ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫНЫҢ МИССИЯСЫ, МАҚСАТЫ ЖӘНЕ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Биржаның 2016-2018 жылдарға арналған Даму стратегиясымен анықталған негізгі мақсаттар қазақстандық нарықты дамытуға және биржалық инфрақұрылымды жақартуға бағытталған. Атқарылған жұмыстардың нәтижелері төменде берілген.

Миссиясы

Отандық мемлекеттік және жекеменшік секторлардың компанияларының қаржыландыру тартуына технологиялық инфрақұрылымын қамтамасыз ету және жергілікті және шетелдік инвесторлар үшін сенімді, тұрақты және айқын инвестициялық ортаны қамтамасыз ету арқылы Қазақстанның тұрақты экономикалық дамуына себептесу.

Мақсаттары

Техникалық модернизация, маркетингтік белсенділікпен, ашық ақпараттық саясатпен және инвесторлар мен бағалы қағаздардың эмитенттерінің мүдделеріне мұқияттылықпен бір кешенде, биржалық нарықтың көлемінің және өтімділігінің өсуіне, сондай-ақ қор нарығының қаржы құралдары арқылы бизнесті қаржыландыру үлесін арттыруға жеткізеді.

2016-2018 Стратегиясының негізгі бағыттары

- Биржалық нарықты дамыту.
 - Қор нарығына жаңа эмитенттерді тарту
 - Инвесторлық дерекқорды кеңейту
 - Валюталық нарықты дамыту
 - Клирингтік қызметті дамыту
- Биржаның және оның қызметтерінің клиенттерге бағытталуын арттыру.
 - Нарыққа қатысушылармен және Биржа мүшелерімен жұмыс жүргізу
 - Корпоративтік интернет-сайтты дамыту
 - Биржаның имиджін жақсарту және оның қызметі туралы ақпараттандырылуды арттыру
 - Қызметтер сапасын арттыру
- Биржалық бизнестің тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру.
 - Ақпараттарды алға тарту және сату
 - IT-жүйелерді дамыту
 - Операциялық тәуекелдерді басқару жүйесінің модернизациясы

1 СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ. БИРЖАЛЫҚ НАРЫҚТЫ ДАМУ

Қор нарығына жаңа эмитенттерді тарту

Ұйымдастырылған нарықта қаржыландыру тарту бойынша қазақстандық компаничлар үшін жағымды жағдайлар жасаумен қатар, Биржа қор нарығы, корпоративтік басқару және инвесторлармен өзара әрекеттесу мәселелері бойынша кәсіпкерлермен ақпараттандыруды және қаржылық сауаттылықты арттыруға бағытталған бірқатар жұмыстар атқарып, іс-шаралар өткізді. Барлық іс-шараларды Биржа бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларымен, халықаралық қаржылық және қаржылық емес ұйымдарымен, "Атамекен" ҰКП, ұлттық даму институттарымен, "Даму" қорымен, KazakhExport, ҚҚА, облыстық жергілікті атқарушы органдарымен және басқа да ұйымдарымен тығыз байланыста өткізілді.

Қазақстанның өңірлерінде кәсіпкерлермен жеке кеңес берушілік сессиялары мен көшпелі іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу

Биржа отандық компаниялар туралы мәліметтерді жинау, жүйелендіру және талдау жұмыстарын тұрақты жүргізіп отырады. Бастапқы кезеңде компаниялар туралы ашық ақпараттар негізінде мақсатты топ анықталып, олардың листингтік ережелерге сәйкестігіне және қаржыландыру тартуға болжамды мұқтажына алдын ала талдау жасалды. Әлеуетті эмитенттердің дерекқорында 1 072 компания туралы мәліметтер жиналған.

2018 жылы қазақстандық компаниялардың жетекшілерімен және меншік иелерімен 70-тен астам кездесулер өткізіліп, осы кездесулер барысында қор нарығының ағымдағы трендтері назарларына ұсынылып, қаржыландыру тарту мүмкіндіктері мен қор нарығының қаржы құралдары арқылы уақытша бос өтімділікті инвестициялау туралы ақпараттар берілді. Қазақстанның өңірлерінде қор нарығының құралдарын қолдану сұрақтары бойынша "дөңгелек үстел" түрінде алты іс-шара ұйымдастырылды.

2018 жылдың қорытындысы бойынша Биржаның ресми тізіміне 20 жаңа эмитенттің, яғни, Биржада бұрын бағалы қағаздары ешқашан саудаланбаған компаниялардың, бағалы қағаздары енгізілді, олардың ішінде 13 эмитенттің акциялары, 6 эмитенттің облигациялары және бір инвестициялық қор бағалы қағаздарының эмитенті, осылардың ішінде Қазақстанның өңірлерінен екі эмитент тартылды.

Стратегияны іске асыру кезеңі барысында Биржаның қызметкерлері отандық қор нарығына компанияларды тарту үшін 200-ден астам жеке кеңес берушілік кездесулер өткізді. Осы іс-шаралардың нәтижесінде 100-ден стам компания қор нарығында қаржыландыру тартуға қызығушылық білдірді. Нәтижесінде үш жылда 55 жаңа эмитент тартылып, KASE сауда-саттық тізімдері 58 жаңа қаржы құралымен толықтырылды.

Кәсіпкерлердің және тұрғындардың қор нарығы мен оның мүмкіндіктері туралы ақпараттандырылуын арттыру

2016 жылдан бастап Биржа қаржылық сауаттылықты және қор нарығы сұрақтары бойынша хабардарлықты арттыру үшін оқу бағдарламаларын өткізу бойынша қызметін белсендірді. Оқу бағдарламаларын Биржа семинарлар форматында немесе кәсіпкерлерге арналған, қор нарығы, корпоративтік басқару және инвесторлармен өзара әрекеттесу негіздері бойынша дөңгелек үстелдер түрінде өткізді. Биржаның құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері, Биржа мүшелерінің және халықаралық қаржылық және қаржылық емес ұйымдардың өкілдері, корпоративтік басқару және инвесторлармен өзара әрекеттестік саласындағы консалтингілік компаниялардың өкілдері, халықаралық ақпараттық-талдамашылық және рейтингілік агенттіктердің өкілдері іс-шаралардың спикерлері болды.

Нарыққа қатысушылар, листингілік компаниялардың инвесторлармен және басқа да мүдделі тұлғалармен коммуникацияларын жақсарту мақсатында Биржа "Эмитент күні" іс-шарасын ұйымдастырып өткізеді. Есептік жыл барысында осындай төрт іс-шара барысында институтционалдық инвесторлардың және акционерлердің "Кселл" АҚ, "KEGOC" АҚ, "Қазақстанның даму Банкі" АҚ және "ҚазАгроҚаржы" АҚ жетекшілігімен кездесулері өткізілді. Кездесу барысында ағымдағы жобалар, компанияның операциялық және қаржылық қызметінің нәтижелері талқыланды.

"PG Communications" ЖШС және "Global PR & IR Advisory EM" компаниясымен бірлесе отырып, "Көкейкесті сұрақтар: компанияны басқару жүйесінде PR және IR атқаратын рөлі мен орны" дөңгелек үстелі форматында білім беру іс-шарасы өткізілді. "Bloomberg Finance L.P." компаниясымен берлесіп, дөңгелек үстел форматында "Bloomberg Day on KASE" оқу бағдарламасы өткізілді.

Кәсіпкерлермен қарым-қатынас жасаудың тағы бір форматы іскери таңғы астар, бұл бизнес өкілдерімен тікелей диалог болып табылады. 2018 жылы өңірлердің ірі компаниялар жетекшілерінің, шағын және орта бизнес өкілдері мен Биржаның серіктестерінің қатысуымен Ақтау және Астана қаласында осындай іс-шаралар болып өтті.

2016-2018 жылдар аралығында Қазақстанның түрлі облыс орталықтарында бес іскери таңғы астар ұйымдастырылып, облыстық әкімдіктерде және "Атамекен" ҰКП 21 дөңгелек үстелрдер форматында кездесулер өткізілді, 10 листингілік компанияға арналған "Эмитент күні" іс-шарасы өткізілді, Алматы және Астана қалаларында Даму қорының және Атамекен ҰКП қолдауымен кәсіпкерлерге арналған қор нарығының негіздері бойынша сегіз оқу семинары өткізілді.

Бар-жоғы үш жылда қор нарығының сұрақтары, инвесторлармен өзара әрекеттесу және коорпоративтік басқару мәселелері бойынша әлеуетті және листингілік компаниялар үшін 24 оқу бағдарламасы өткізілді.

Листингтің трансформациясы

2017 жылы Биржа бағалы қағаздардың ресми тізімінің трансформациясы және листингілік бағалы қағаздар мен олардың рұқсаттама бастамашыларына қойылатын талаптарды реформалау бойынша жобаны аяқтады. 2017 жылдың 01 шілдесінен бастап Биржаның ресми тізімінде үш сауда-саттық алаңы – "Негізгі" (ірі компаниялар үшін), "Альернативті" – (шағын және орта бизнес үшін) және "Аралас" (МБҚ, инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары, пайлары және акциялары, туынды және исламдық бағалы қағаздар) қызмет ете бастады. "Альтернативті" сауда-саттық алаңының бағалы қағаздары мен эмитенттері үшін листингілік талаптар айтарлықтай жеңілдетілген, ақпараттар ашу бойынша талаптар тек қазақстандық заңнамада белгіленген шектерде ғана қойылып, листингілік алымдардың мөлшері елеулі төмендетілген.

Трансформация нәтижесінде Биржа инвесторлар, эмитенттер және басқа да мүдделі тұлғалар үшін ресми тізімнің айқынырақ, түсінікті және ыңғайлы құрылымына ие болды, салыстырмалы шағын компаниялардың қор нарығына рұқсаттамасын жеңілдетіп, жаңа эмитенттер мен инвесторларды тарту бойынша тиімдірек стратегиясын жүргізуге мүмкіндік алды.

2019 жылдың 01 қаңтарында жағдай бойынша альтернативті сауда-саттық алаңындағы сауда-саттықтарға 44 эмитенттің 47 атаудағы акциялары және 17 эмитенттің 21 облигациялар шығарылымы айналысқа жіберілді.

Инвесторлық дерекқорды кеңейту

Бөлшек инвесторларға арналған оқу тренингтерін өткізу

Инвесторлық дерекқорды кеңейту және тұрғындардың қаржылық сауаттылығын арттыру мақсатында Биржа, қатысушылардың шектелмеген ортасына арналған, білім беру іс-шараларын өткізді. 2018 жылы бөлшек инвесторлар үшін "Бағалы қағаздар нарығында қалай сауда жасайды" атты төрт семинар өткізді.

Есептік жыл барысында Биржа еліміздегі қор нарығында қаржыландыру тарту және кәсіпкерлер үшін инвестициялық мүмкіндіктер сұрақтары бойынша өңірлік инвестициялық форумдарға, тақырыптық конференцияларға және салалық көрмелерге белсене қатысты. Бір жылда Биржаның өкілдері осындай жеті іс-шараға қатысты.

Қор нарығы саласында қаржылық сауаттылықты арттыру бойынша KASE бастамасы аясында 2017 жылы Биржа мен Қазақстанның ЖОО арасында ынтымақтастықтың бастамасына негіз қаланды. Биржа жоо оқытушылары мен студенттері үшін білім беру дәрістерін ұйымдастыру мақсатында, 13 ЖОО өзара ынтымақтастық туралы меморандумдарды әзірлеп қол қойды.

2018 жылдың басынан бастап KASE мен "Самұрық-Қазына" Корпоративтік Университетінің арасында ынтымақтастық орнату бойынша жұмыстар атқарылды. Корпоративтік хатшыларды сертификаттау бағдарламасы аясында бағдарлама тыңдаушылары үшін Астана қаласында қор нарығының негіздері бойынша үш семинар өткізілді. Оқу орындарымен ынтымақтастық аясында KASE олардың өткізген конференциялары мен форумдарына белсене қатысты.

2018 жылы Биржа қызметкерлері Алматы қаласы он жоғарғы оқу орындарында қонақтар дәрісімен сөз алып, студенттер үшін машықтану, өндірістік жәгне диплом алдындағы практикаларды ұйымдастыруда әрқашан қолдау көрсеткен, 2018 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің "Қазақстанның ашық білім алудың ұлттық платформасы" жобасына белсенді қатысты. 2016-2018 жылдары студенттер мен оқытушыларға 30-дан астам дәріс оқылды.

Практикалық тәжірибені қалыптастыру үшін және студенттік қауымдастықтың және бөлшек инвесторлардың қаржылық сауаттылығын арттыру мақсатында Биржа жыл сайын "Биржалық симулятор" және "Бөлшек инвесторлар байқауы" атты екі байқау өткізеді.

"Биржалық симулятор" байқауы жоғарғы және орта оқу орындарының студенттері арасында өткізіліп, оқу сауда-саттықтарының сериясынан тұрады. Байқаудың қатысушылары үшін, ең үздік көрсеткіштерге жеткені үшін ынталандыру жүлдесінің бірі брокерлік компаниялардың бірінде машықтанудан өту болып табылады.

2018 жылы осы жобаға 35 оқу орындарының 1 290 студенті қатысты. Байқау қорытындысы бойынша қаржықы ұйымдардың қолдауымен 23 студент марапатталды. Байқау барысында мәмілелердің көлемі 2,3 млрд теңгеден асып, 13 426 мәміле жасалды.

Байқау барысында Қазақстанның, қиырдағы және таяу шет елдер (Түркия, Оңтүстік-Шығыс Азия, Ұлыбритания) 80 жоғарғы оқу орындарының 4 500 астам студенті.

2016 жылдан бастап Биржа "Бөлшек инвесторлардың байқауы" жобасын қайта жаңғыртты. Осы байқауға, Биржаның қор нарықтары мүшелерінің тапсырыскерлері болып табылатын, жеке тұлғалар жіберіледі. Байқауға қатысушылар байқау барысында KASE Индексінің өкілетті тізіміне кіретін акциялардың нақты сауда-саттықтарына қатысады. 2018 жылы бұл байқау 01 қарашадан 14 желтоқсанға дейін өтті. Байқаудың қорытындысы бойынша ең үздік кірістілік жылдық 13,7 % құрады, екінші орынға шыққан қатысушының кірістілігі – жылдық 8,6 %, үшінші орын – жылдық 8,2 %. Байқауға барлығы 200-ден астам бөлшек инвестор қатысты. Байқау барысында қатысушылар 2 588 мәміле жасасты, олардың сомасы 256 млн теңгеден асты. 2016-2018 жылдар аралығында Байқауға 3000 астам бөлшек инвестор қатысты.

Жаңа қаржы құралдарын әзірлеу және қолданысқа енгізу

Қор нарығы

Биржаның Даму стратегиясын іске асыру аясында "Коммерциялық облигациялар" жаңа биржалық өнімі қолданысқа енгізілді. Облигациялардың осы түрін листингілік компаниялар 12 айдан аспайтын мерзімге ғана шығара алады. Бұл ретте осы облигациялардың тіркеуі мен листингі жеңілдетілген процедура бойынша және төмендетілген листигілік алымдармен жүзеге асырылады, бұл компанияларға қор нарығында тез әрі арзан қысқа мерзімді қаржыландыру тартуға мүмкіндік береді. Осы қаржы құралын 2018 жылы жеті эмитент қолданды. Бастапқы орналастырулардың көлемі 29,8 млрд теңге, ал орналастыру кезіндегі кірістілік жылдық 9,5 % – 11,3 % аралығында түрленді. Облигациялар қайталама нарықтарда да саудаланады, 2018 жылдағы олармен жасалған мәмілелердің көлемі 3,6 млрд теңгені құрады.

Қор нарығының қаржы құралдарын кәсіпкерлікті қолдау бойынша мемлекеттік бағдарламаларына енгізу мақсатында, Биржа қазақстандық компаниялармен шығарылған облигациялар бойынша купондық мөлшерлемені субсидиялау механизмін енгізу бойынша жобаны бастамалады. Даму қорымен, ҚР ҰЭМ, "Атамекен" ҰКП бірлесе отырып, мемлекет тарапынан қаржылай қолдау шарасының бір нысаны ретінде қазақстандық компаниялары шығарған облигациялардың купондық мөлшерлемесін субсидиялау

Кәсіпкерлік кодекске түзетулер енгізу бойынша жұмыстар жүргізілді. Атқарылған жұмыстар нәтижесінде 2018 жылдың 24 мамырында ҚР Кәсіпкерлік кодекске ұсынылған түзетулер қабылданды. 2018 жылдың 25 тамызында Бизнестің жол картасы-2020 және қазақстандық компаниялармен шығарылған облигациялар бойынша купондық мөлшерлемелерді субсидиялау ережелеріне тиісті түзетулер бекітілді.

Шикізаттық емес өнімнің қазақстандық экспортерлерін қолдауды жүзеге асыру мақсатында жасалған, "KazakhExport" Экспорттық сақтандыру компаниясы" АҚ және Биржа өзара ынтымақтастық туралы Меморандумы аясында экспортерлердің қор нарығында, эмитенттердің дефолтынан "KazakhExport" сақтандырушылық қорғаумен қамтамасыз етілген, облигацияларды шығару және орналастыру арқылы, борыштық қаржыландыру тарту үшін механизм әзірленді.

ETF іске қосу

2018 жылы Биржаның сауда-саттық тізімдеріне, Ирландияның заңнамасына сәйкес тіркелген, KASE индексіне үлеспұлдық биржалық қордың (ETF) акциялары енгізілді. ETF ең өтімді қаржы құралдарының үйлестірілген портфелі болып табылады және, жеке компоненттердің тәуекелдерін тегістеуге мүмкіндік беретін және KASE индексінің динамикасын қайталайтын, инвестициялар диверсификациясының құралы ретінде қарастырылуы мүмкін. 2018 жылдың қазан айында KASE индексіне ETF сауда-саттықтары Мәскеу Биржасында басталса, 14 желтоқсанда – KASE сауда алаңында басталды.

Биржада бұл қаржы құралы инвестициялық қорлардың бағалы қағаздарына жатқызылып, теңгемен саудаланады. Биржадағы қаржы құралдың өтімділігін маркет-мейкер "Фридом Финанс" АҚ қамтамасыз етеді. 2018 жылдың соңына дейін KASE индексіне ETF акцияларының сауда-саттық көлемі MOEX сауда-саттықтарында 180 млн теңгеден астам, ал KASE сауда-саттық алаңында 52,5 млн теңгені құрады.

Ақпараттар ашу және айқындықты қамтамасыз ету мақсатында ESG әдістемесін енгізу

БҰҰ "Тұрақты қор биржалары" Бастамасы (Sustainable Stock Exchanges Initiative – SSE Бастамасы) аясында, 2016 жылы Биржа KASE мүшелері мен листингтік компаниялар үшін экологиялық, әлеуметтік жауапкершілік және корпоративтік басқару критерийлері (Environmental, Social and Governance, бұдан әрі – ESG) бойынша ақпараттар ашу әдістемесі енгізді. Әдістемені әзірлеген кезде SSE Бастамалары мен PRI Ұстанымдарының нұсқаулары зерделеніп, осы ұстанымдарды енгізудің биржалық тәжірибесі зерттелді. Дүниежүзінің ESG әдістемесін таратушы 32 биржаларының және тренингтер арқылы ESG критерийлерін алға тартатын 18 биржаларының бірі болып табылады¹.

2017 жылдан бастап KASE IFC Kazakhstan қолдауымен, ESG әдістемесін талқылағанда айтылған сарапшылардың нұсқауларын, соның ішінде Қазақстан экономикасының негізгі салалары бойынша жеке салалық маманданымдарды орнату бойынша нұсқауларын ескерумен, ESG критерийлері бойынша ақпараттар ашу аясындағы жаңа тенденцияларды ескеретін, ESG әдістемесінің жаңартуы бойынша жұмыстар атқарды. Бірлескен жұмыстардың нәтижесінде KASE мен IFC Kazakhstan ESG есептерін құрастыру бойынша халықаралық тәжірибені қамтыған, ESG жаңартылған әдістемесі әзірленіп, 2018 жылдың 15 наурызынан бастап енгізілді:

- Есептілік бойынша Жаһандық бастама (GRI);
- Интеграцияланған есептілік бойынша Халықаралық кеңес (IIRC);
- АҚШ тұрақты дамуының есептілік стандарттары бойынша кеңес (SASB);
- "Тұрақты қор биржалары" бастамасы аясында қор биржалары арасында, соның ішінде Малайзия, Бразилия, Сингапур және Гонконг биржаларының көптеген бастамалары.

Осы кезде ESG әдістемесінің жаңа редакциясы экологиялық және әлеуметтік сұрақтардың жалпы мәселелері бойынша, корпоративтік басқару сұрақтары бойынша сұрақтардың кеңейтілген тізімін қамтиды, осы сұрақтарға қатысты қызметтің өзекті көрсеткіштерінің тізімі мен салалық маманданымдар бойынша жетекшілік берілген.

2018 жылдың 15 наурызында KASE мен IFC Kazakhstan ҚҚА, Биржа мүшелерінің, жылдық есептер дайындау бойынша қазақстандық сарапшылардың, аудиторлық және басқа да ұйымдардың өкілдерінің қатысуымен дөңгелек үстел өткізілді. Осы іс-шарада Биржаның жаңартылған ESG әдістемесі назарға ұсынылды, сондай-ақ сарапшылар ESG критерийлерінің маңыздылығы мен оларды енгізу сұрақтары бойынша презентациялар жасады. Талқылау нәтижесінде Биржа мен IFC Kazakhstan ұсынған әдістеме оң пікірлерге ие болды.

Листингтік компаниялар мен KASE мүшелері ESG есебін дайындауға тәжірибе жинау қажеттілігін ескере отырып, осындай есептерді нұсқамашылық негізде ұсыну туралы шешім қабылданды. KASE ESG есептеріне қойылатын талаптарды талқылау бойынша арнайы семинарлар мен кездесулер өткізу арқылы, ESG жаңа әдістемесін әрі қарай енгізуді жоспарлады.

KASE Startup сауда-саттық алаңын іске қосу

2018 жылдың 09 сәуірінде KASE Startup сауда-саттық алаңын іске қосты. Осы сауда-саттық алаңы стартап-компаниялар мен инвесторлардың арасындағы коммуникацияларды қалыптастыру үшін арналған. Осы сауда-саттық алаңы шегінде оның қатысушыларына стартап-компаниялардың капиталындағы үлестерді қор нарығының кәсіби қатысушылары арқылы сатып алу-сату бойынша Биржада мәмілелер жасасу мүмкіндігі беріледі. Бұл ретте қатысушылар KASE инфрақұрылымының барлық артықшылықтарын пайдалана алады. Сауда-саттық алаңына. Қатысушы ретінде сауда-саттық алаңына рұқсаттаманы, жауапкершілігі шектеулі серіктестік нысанында ұйымдастырылған компаниядар ғана ала алады. Бұл ретте стартап-компаниялардың келесідей критерийлердің бірі сәйкес келсе болғаны:

- компания, сауда-саттық алаңын дамыту бойынша Биржамен меморандумға қол қойған, KASE серіктестерінің бірінде (бизнес-инкубатор, инвестициялық қор, консалтингтік немесе краудфандингтік компания) тіркелген;

- өтінім бере алдында кемінде бір жыл бұрын, стартап-компанияның қатысушыларының құрамына инвестор ретінде инвестициялық қор кірсе;
- компанияның қаржыландырылатын бағыт бойынша сатуларының бар болуы.

2018 жылдың 03 қазанында Биржа сауда-саттық алаңының алғашқы ашық презентациясын өткізді, осы іс-шарада KASE, бизнес-инкубаторлардың, стартап-компаниялардың және инвестициялық қорлардың өкілдері мүдделі тұлғалардың алдында сөз алды. Іс-шара нәтижесінде осы нарыққа қатысушылармен меморандумға қол қойылды.

Биржа, осы сауда-саттық алаңының қызметін реттейтін, келесідей ішкі құжаттарды әзірледі:

- KASE Startup сауда-саттық алаңына рұқсаттама беру ережелері;
- KASE Startup сауда-саттық алаңында мәмілелер жасасу және есеп айырысу тәртібі туралы қағида;
- KASE Startup сауда-саттық алаңындағы алымдар туралы қағида.

Сауд-саттық алаңының қызмет етуі үшін арнайы сайт <https://startup.kase.kz/> әзірленді, осы сайт сауда-саттық алаңының әкімшілігі, инвесторлар, стартап-компаниялар, бизнес-инкубаторлар арасындағы қарым-қатынастарға арналған негізгі ресурс болып табылады.

2019 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша 2 543 пайдаланушы тіркелді. Ақпараттар ашуға 9 стартаптар кірісті, сауда-саттық алаңына 6 стартаптар рұқсаттама алды. Алты бизнес-инкубатор және төрт консалтингтік компания сауда-саттық алаңының серіктесі болды.

KASE Private Market

Инвесторлар үшін әлеуетті тартымды қаржы құралдарын анықтау және енгізу бойынша мақсаттар аясында ЖШС үлестерінің сауда-саттықтары арқылы және өз инвестициялық портфельдерінің диверсификациясы арқылы инвесторларға перспективалы жобаларға қатысу мүмкіндігін беру бойынша – KASE Private Market сауда-саттық алаңын құру жобасы әзірленді. Оның іске қосылуы 2018 жылдың маусым айында жүзеге асырылды. Тікелей инвестициялар қорларының қаржыландыру тарту кезеңінде де, жобадан шығу кезеңінде де инвестициялар тарту мүмкіншілігі пайда болды, ал қазақстандық шағын және орта кәсіпорындары үлестік қаржыландыруға рұқсаттама алды.

Қор нарығының халықаралық классификаторлардың рейтингтеріндегі жайғасымдарын жоғарылату

Стратегияны іске асыру кезеңінде қор нарығының өтімділігін арттыруға және инфрақұрылымын жақсартуға бағытталған жұмыстар атқарылды. Осылайша, клирингтік қызметті дамыту бойынша жұмыстар аясында жаңа қаржы құралдарын Т+2 сызбасы бойынша есептесу жүйесіне ауыстыру жүзеге асырылды. Тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру мақсатында, қатысушыларға қолжетімді өтімділікті тиімдірек басқаруға мүмкіншілік беретін, бірыңғай шектелім механизмі енгізілді. Осы жобаларды іске асырудың негізгі мақсаты Биржаның клиенттеріне биржалық бизнесті жүргізудің халықаралық стандарттарына сай келетін, сапалы қызметтерді ұсыну болып табылады. Атқарылған жұмыстар нәтижесінде 2017 жылдың қызмкүйек айында FTSE агенттігі қазақстандық қор нарығына "Frontier Markets" мәртебесін берді. Қазақстандық қор нарығының жайғасымын S&P, MSCI, FTSE биржалық индекстерінің халықаралық провайдерлерімен жоғарылату 2018-2021 жылдарға ұлттық қор нарығын дамыту бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметінің және ҚРҰБ бірлескен әрекеттерінің жоспарын іске асыру бойынша Іс-шаралар жоспарында қарастырылды.

1. 2017 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша мәліметтер

Валюталық нарықты дамыту

Валюталық нарықты дамыту аясында Биржа келесідей бағыттарда іс-шараларды іске асырды.

Брокерлерге валюталық нарықтардағы биржалық сауда-саттықтарға қатысуға құқық беру

2016 жылы Биржа брокерлік ұйымдарға биржалық валюталық нарыққа тікелей рұқсаттама беру бойынша жобаны бастамалады. Осы жоба аясында 2017 жылы Биржа Қазақстанның Ұлттық Банкімен, ҚҚА, сондай-ақ екінші деңгейдегі банктердің және брокерлік ұйымдардың өкілдерімен брокерлік ұйымдарға валюталық нарықтардағы сауда-саттыққа рұқсаттама берудің түрлі нұсқаларды әзірледі.

Брокерлік ұйымдарға валюталық нарықтағы биржалық сауда-саттықтарға қатысуға құқық беруді ұйымдастыруға қатысты тиісті түзетулер, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылдың 03 ақпанындағы № 9 қаулысымен бекітілген, Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыру ережелеріне енгізілді. Түзетулер 2018 жылдың 22 сәуірінен бастап қолданысқа енгізілді. Брокерлік ұйымдарға Биржадағы шетел валюталарының сауда-саттықтарына рұқсаттама алу үшін қажет: Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ұлттық және шетел валюталарында банктік операцияларды өткізуге лицензиясын алу; "валюталық" санаты бойынша KASE мүшесі мәртебесін алу процедурасынан өту. Мүшелік жарналар мен биржалық алымдар туралы қағидаға сәйкес, брокерлік ұйым үшін "валюталық" санат бойынша кіру мүшелік жарнасы 1 500 АЕК, ай сайынғы мүшелік жарна "валюталық" санат бойынша – 25 АЕК мөлшерін құрайды. Бұдан басқа, брокерлік ұйымның шетел валюталарымен жасалған операциялар бойынша KASE комиссиялық алымы әр мәміленің сомасынан 0,0005 % көлемінде белгіленген.

Жаңа қаржы құралдарын қолданысқа енгізу

Нарыққа қатысушылармен тұрақты кездесулер өткізу нәтижесінде және есеп айырысудың мерзімдерін ұзартуға сұранымның айқындалуына байланысты шетел валюталары және валюталық своп операуциялары нарығында жаңа қаржы құралдары қолданысқа енгізілді:

- 20 ақпаннан бастап есептесуі T+1 теңгемен ресей рублі (RUBKZT_TOM) және есептесуі T+1 теңгемен қытай юанінің и юанем Китайской Народной Республики с расчетами T+1 в теңге (CNYKZT_TOM);
- 09 сәуірден бастап Қытай Халық Республикасының юані / қазақстандық теңге (CNYKZT_0_001 және CNYKZT_0_002) валюталық жұбына қатысты валюталық своп, ресей рублі / қазақстандық теңге (RUBKZT_0_001 және RUBKZT_0_002) валюталық жұбына қатысты валюталық своп және есептесуі теңгемен T+2 ресей рублі (RUBKZT_SPT) бойынша валюталық своп операциялары.

CNY/KZT валюталық своп операцияларының сауда-саттықтары таңертеңгі сауда-саттық сессиясының аясында, қалғандары – күндізгі сауда-саттық сессиясы аясында сағат 11:30 ден 15:30-ға дейін өткізіледі.

Шығарылым валютасында сауда-саттық жүргізуге ауысу

2018 жылы, шетел валютасында деноминацияланған, KASE бірқатар қаржы құралдары, теңгемен есептесумен қатар, АҚШ долларымен есептесуге қолжетімді болды.

2018 жылдың 17 қыркүйегінен бастап KASE есептесуі АҚШ долларымен еурооблигациялардың сауда-саттықтарын іске қосты. Осы жобаның мақсаты, валюталарды айырбастау бойынша қосымша процедураларсыз, шетел валютасында номинацияланған, борыштық бағалы қағаздардың сауда-саттығы мен есеп айырысуларына рұқсаттама беру болып табылады.

Қазіргі кезде, шетел валютасында номинацияланған, листингілік борыштық бағалы қағаздар Биржада T+0 сызбасы бойынша қазақстандық теңгемен есептесумен және өтім беру және мәміле жасасу сәтіне дейін активті толық депозитке салу қажеттілігісіз саудаланады. Есептесуі АҚШ долларымен еурооблигациялардың сауда-саттықтары сауда-саттық жүйесінің бөлек нұсқасында есептесудің T+2 сызбасы бойынша және сауда-саттық күнінің қорытындысы бойынша клиринг жүргізумен жүзеге асырылады. Осы сызба жартылай қамтумен мәміле жасасуға мүмкіндік береді. Бұл ретте, мәміле бойынша есеп айырысу үшін активті жеткізуді сауда-саттыққа қатысушылар есеп айырысу күні (мәміле жасақаннан кейін екінші күні) 17.00-ге дейін қамтамасыз етеді.

T+0 сызбасы бойынша қазақстандық теңгемен есептесетін еурооблигациялар бойынша сауда-саттықтар бұрынғы тәртіптемеде жалғасты. Осылайша, 2018 жылдың 17 қыркүйегінен бастап, АҚШ долларында номинацияланған, листингілік еурооблигациялармен мәмілелер жасасудың екі тәртіптемесі қолжетімді: есептесуі АҚШ долларымен T+2 сызбасы бойынша клирингті қолднумен, сондай-ақ T+0 сызбасы бойынша есептесуі қазақстандық теңгемен "мәміледен кейін мәміле" тәртіптемесінде. Қазіргі уақытта Биржа солармен клирингілік қызметті жүзеге асыратын, Қаржы құралдардың тізіміне 20 атаудағы листингілік халықаралық облигациялар енгізілген. Іске қосы сәтінен бастап 31 желтоқсанға дейін, АҚШ долларымен есеп айырысу жүргізілген, 39 мәміле жасалды, олардың жалпы сомасы 4,3 млн АҚШ долларын немесе 1,3 млрд теңгені құрады.

2018 жылдың 26 желтоқсанынан бастап Биржада, базалық активін "Қазатомөнеркәсіп" АҚ жай акциялары құрайтын, жаһандық депозиттік қолхаттардың АҚШ долларымен сауда-саттықтары ашылды.


Клирингілік қызметті дамыту

Тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру

2018 жылдың 01 маусымынан бастап Биржа, қор нарығында нарықтықтәуекелдерді тиімді басқаруға мүмкіндік беретін, жаңа механизм – шоғырлану шектелімін іске қосты, бұл репо операциялары бойынша, сауда-саттыққа қатысушысында қандай да бір атаудағ акциялармен мәмілелер шоғырланған жағдайда туындайтын, міндеттемелерді орындамау тәуекелін шектеуге мүмкіндік береді.

Бағалы қағаздың стандартты құбылмалығы шегіндегі баға бойынша сатылуы мүмкін немесе репо операциясының заты ретінде шығынсыз қолданылуы мүмкін, бағалы қағаздардың максималды көлемін анықтау үшін, акциялардың үшін T+2 сызбасы бойынша саудалау үшін қолжетімді әр атаудағы акция үшін ай сайын есептеледі:

1. шоғырлану шектелімі – T+0, T+2 нарықтарында, Bloomberg ақпараттық агенттігінің мәліметтеріне сәйкес, шетелдік нарықтарда белгілі бір қаржы құралы бойынша орташа күндік сауда-саттықтар күннің көлемінің, сондай-ақ осы бағалы қағаз солардың нысаны болып табылатын, тікелей репо, авторепо, неттингпен репо ашылу мәмілелері бойынша орташа күндік сауда-саттық көлемдерінің көлемдерінің сомасына тең, үлкендік;
2. шоғырлану мөлшерлемесі – тәуекел көкжиегі (15 күн) және сенім деңгейі 99,97 % жоғары бағалы қағаздың құбылмалығы ретінде.



Бағалы қағаздар бойынша шоғырлану шектелімдері мен шоғырлану мөлшерлемелерінің мәндері ай сайын есептеліп, әр күнтізбелік айдың 15-шң жұлдызында қолданысқа енгізіледі, бағалы қағаздар бойынша шоғырлану мөлшерлемелері Биржаның интернет-сайтында, олардың қолданысқа енгізілу күніне екі күн бұрын жарияланады. Күн сайын әр күннің басында Биржа сауда-саттыққа қатысушысының акцияның әр атауы бойынша ашылған жайғасымын анықтайды.

Жоба бойынша жұмыс аясында Биржа өзінің ақпараттық жүйелеріне өзгертулер енгізді, сондай-ақ өзінің ішкі құжаттарына түзетулер енгізді, атап айтқанда Репо операцияларын жүзеге асыру ерелері мен Автоматты репо нарығының маманданымы.

Қаржы құралдарын есептесудің Т+2 сызбасына көшіру

2018 жылы Биржа қазақстандық биржалық нарықта клирингілік қызметті әрі қарай дамытуды жалғастырды, атап айтсақ, есептесуі Т+2 сызбасы қолданылатын сауда-саттықтар жүргізілетін, қаржы құралдарының тізімін кеңейту арқылы.

Есептік жылы Т+2 есеп айырысу циклы МБҚ қайталама биржалық нарығына да қолдаылды, алайды, МБҚ-мен Т+2 сызбасы бойынша жасалған мәмілелер бойынша қамтудың жеткіліктігі, сондай-ақ неттинг пен клиринг жүргізілген жоқ. Есеп айырысулар мәмілелер "мәміледен кейін мәміле" тәртіптемесінде жасалғаннан кейін екінші жұмыс күнде жүзеге асырылды, ал қандай да бір қатысушының мәміле бойынша өз міндеттемесін орындау

үшін актив жеткілікті бомаған жағдайда, осындай мәміле Ұлттық Банктің есебінен, осындай мәмілені орындауға келісім беру шартымен, орындалуы мүмкін болды.

Сондай-ақ, МБҚ бастапқы нарығы үшін Т+2 сызбасы бойынша сауда-саттық өткізу мүмкіндігі енгізілді, осы сызба Т+0 сызбасы сияқты МБҚ эмитентінің немесе арнайы мамандандырылған сауда-саттықтың ұйымдастырушысының таңдауымен аукциондар өткізуде қолданылуы мүмкін

Т+2 сызбасы бойынша сауда-саттық пен есептесулерді жүргізудің тәртіптемесін іске қосу жобасы 2015 жылы басталды. Осы сәттен бастап Биржа қаржы құралдарының топтарын жаңа сызбаға жоспарлы түрле ауыстыра бастады, KASE Индексінің акцияларынан кейін өтімділігі бірінші кластағы акциялары болды, содан кейін, шетел валютасында номинацияланған, еурооблигациялар, және 2018 жылы Барлық МБҚ.

Валюталық нарықтағы Орталық контрагент (ОК)

2018 жылдың 01 қазанынан бастап KASE шетел валюталарының биржалық нарығында ОК функцияларын атқаруға кірісті. Нарықтың осы сегментінде ОК функцияларын енгізудің мақсаты – қандай да бір сауда-саттыққа қатысушысының жасасқан мәмілелер бойынша міндеттемелерді орындамаған жағдайда осы сегменттің қатысушыларына олардың осы мәмілелер бойынша талаптарының оорындалуын биржалық кепілдемелер беру. KASE шетел валюталарының нарығында ОК енгізу осы биржалық нарықтың жалпы дамуына ықпал ететін, осы нарықтың сенімділігі мен өтімділігін арттыруға бағытталады.

Осы жоба бойынша жұмыстар 2016 жылы басталды, жоба аясында:

- заңдарға, нормативтік-құқықтық актілерге және Биржаның ішкі құжаттарына өзгертулер енгізілді;
- KASE қолданыстағы сауда-клирингілік жүйесінің негізінде, клирингілік қатысушының маржалық қамтуының жеткіліктілігін бақылауды қамтамасыз ететін, тәуекелдерді басқарудың автоматтандырылған жүйесі әзірленді;
- Әр қатысушының ағымдағы нетто-жайғасымын, мааржалық қамтуының құнын, сондай-ақ маржалық талаптардың құнын, он-лайн тәртіптемесінде көрсететін, клирингілік қатысушыларға арналған WEB-модуль әзірленді;
- Клирингілік қорлардың мөлшерін анықтау әдістемесі әзірленді;
- Клирингілік қатысушылардың және клирингілік қорлардың қамтуларын инвестициялау саясаты әзірленді;
- Жаңа тарифтік саясат әзірленді.


Қатысушылар санының ұлғаюмен байланысты, әлеуетті тәуекелдерді ескере отырып, KASE тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру есебінен валюталық нарықтағы тұрақтылықты қолдайды, бұл жүйенің элементтер:

- клирингілік қатысушының қаржылық жағдайына қойылатын талаптар;

- мәмілелерді орындау бойынша міндеттемелерді қамтамасыз ету әдісін анықтайтын, клирингілік қатысушылардың санаттарына белгілеу;
- қаржы құралдарының тәуекел-параметрлерін анықтау жүйесі;
- клирингілік қатысушылар үшін қамтудың жеткіліктілігін бақылау;
- клирингілік қатысушылар қамтуының құнын және нетто-жайғасымдарын қайта бағалау;
- клирингілік сақтық және кепілдік қорлар;
- клирингілік қатысушылардың кепілдік жарналарының жеткіліктілігін күн сайын бақылау.

ОК дамуының жуырдағы жалдарға перспективалары, Мәскеу Биржасының сауда-клирингілік кешенін енгізуге, соның ішінде, қамтуды басқарудың және қор нарығы мен ақша нарығы үшін тәуекел-менеджментінің бірыңғай жүйесін кезең-кезеңімен енгізуге бағытталған, 2018 жылдың 10 қазанындағы KASE және MOEX арасындағы стратегиялық ынтымақтастық туралы Келісімді іске асырумен байланысты.

Мәскеу Биржасының сауда-клирингілік жүйесін өтумен бірге KASE қор нарығында ОК қызметтерін көрсетуді жоспарлап отыр.



2-СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ. БИРЖАНЫҢ КЛИЕНТТІК БАҒДАРЛАНУЫН ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚЫЗМЕТТЕРІН АРТТЫРУ

Нарық қатысушыларымен және Биржа мүшелерімен жұмыс

Осы міндет аясында Биржа is2in жүйесін компанияның тиісті сипаттамасымен жеке кабинет қағидатын қолдану, таңдалған компанияларға немесе олардың топтарына қажетті құжатты бір уақытта жіберу бойынша функцияларды құру, компаниялардың ескертулерді автоматты түрде қою бойынша функцияларды құру, құжаттарға арналған шаблондалған түсініктемелерді жіберу үшін пайдалану бөлігінде жетілдіру бойынша жұмыстар жүргізді.

Қаржылық есептілік депозитарийінің (ҚЕД) және қор биржасының интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру рәсімдерін оңайлату мақсатында, оның ішінде "бір терезе" пайдалану арқылы эмитенттің қызметі туралы ақпаратты орналастыру кезінде "Ақпараттық-есептеу орталығы" АҚ-мен ҚЕД және Биржаның ақпараттық жүйелерін интеграциялау және осындай интеграцияның құны бойынша уағдаластыққа қол жеткізілді. Осы бағыттағы жұмыстар жалғасуда, ақпараттық жүйелерді интеграциялауды іске асырудың техникалық мәселелері пысықталуда.

Корпоративтік интернет сайтты дамыту

2016-2018 стратегиясын іске асыру кезеңінде корпоративтік сайтты жаңғыртуға бағытталған жұмыстар жүргізілді. Ресми интернет-сайттың жаңа нұсқасы www.kase.kz 2018 жылдың 03 қаңтарынан бастап іске қосылды. 2018 жылы жұмыс екі бағыт бойынша жүргізілді – сайттың жұмыс қабілетін тестілеу және жаңа бөлімдерді өсіру. 2018 жылы жаңа биржалық жобалар аясында сайтта келесі міндеттер жүзеге асырылды:

- бағам түзу тәртібінің өзгеруіне байланысты шетел валюталары нарығы бойынша беттерді жаңарту;
- шығарылым валютасындағы еурооблигациялар сауда-саттығының іске қосылуына байланысты құралдардың жаңа беттерін құру;
- жаңа ақпараттың пайда болуына, атап айтқанда, сауда-саттық жүйесіне қосылған кезде өзгеріске, "Жиі қойылатын сұрақтар" бөлімінде ақпаратты жаңартуға байланысты сайт беттерінде мазмұнды қосу";
- "Компаниялардың ақпаратты ашуы " бөлімін құру";
- "Баяндамалар мен презентациялар" және "Нарық шолулары" бөлімдерінде ақпараттық-талдау материалдарын үнемі жариялау.

Биржаның имиджін жақсарту және оның қызметі туралы хабардарлықты арттыру

Биржа Қазақстанның бағалы қағаздар нарығы туралы ақпаратты жариялау мақсатында Биржаның БАҚ-пен әріптестік қатынастарын нығайтуға бағытталған журналистер үшін бірқатар ақпараттық-түсіндіру іс-шараларын тұрақты түрде ұйымдастырады.

Биржа қызметінің тоқсан сайынғы қорытындыларына арналған сегіз ай сайынғы медиа-брифингтер және төрт баспасөз конференциясы өткізілді.

Atameken Business Channel - де брендтің танымалдығын арттыру және биржалық алаңның оң имиджін сақтау үшін "KASE күнделігі", "KASE апталығы", "Қор нарығы. Pro Мәртебесі" бағдарламалары шығарылды. Қосымша биржа туралы орыс және ағылшын тілдеріндегі қысқа метражды презентациялық бейнеролик, сондай-ақ Биржаның орыс және қазақ тілдеріндегі имидждік ролигі шығарылды. 2018 жылы "Қор нарығы: PRO мәртебесі" атты 24 бағдарлама, 193 шығарылым "Курста" және 40 "KASE апталығында" ABCTV эфиріне шықты.

2018 жылы Биржа KASE – нің 25 жылдық мерейтойын мерекелеуге арналған бірқатар іс-шаралар өткізді.

2018 жылғы 16 қарашада Алматыда KASE-де Қазақстан қор биржасының форумы өтті, ол Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және Қазақстанның Қаржыгерлер қауымдастығымен бірлесіп ұйымдастырған VIII қаржыгерлер Конгресінің бір бөлігі болды.

Қазақстандық биржалық форум қор нарығының және орталық-азия өңірінің орталық пікірталас алаңына айналды, онда қор нарығының құралдары арқылы экономиканы қаржыландыру, биржалық инфрақұрылымды дамыту және биржалық құралдарды жылжыту мәселелері; қаржы нарығының интеграциялық үдерісімен байланысты мәселелер, соның ішінде ЕАЭО шеңберінде және сандық технологияларды енгізу жағдайында нарық ландшафты мен қаржылық қызметтерді өзгерту мәселелері қамтылған.

Іс-шараға 500-ге жуық адам – қазақстандық қаржы ұйымдарының, шетелдік қор биржаларының, инвестициялық банктердің, мемлекеттік органдардың, ұлттық және жеке қазақстандық компаниялардың басшылары, қазақстандық және халықаралық кәсіби қаржы қауымдастықтарының өкілдері, халықаралық сарапшылар қатысты.


KASE-нің 25 жылдық мерейтойына орай Биржа мен қазақстандық қаржы нарығының тарихына арналған кітап шығарды. Кітап үш тілде басылып шықты: қазақша – "Болашақ құрылу тарихы", орысша – "Как создавалось будущее" және ағылшынша – "Building the Future".

Кітапта Қазақстан қаржы нарығы мен Биржаның 1993 жылдан бастап KASE құрылған тарихы сипатталған. Оны дайындау кезінде KASE мұрағаттық материалдары, ашық дереккөздер, сондай-ақ қазақстандық қаржы нарығының бастауында тұрған адамдардың естеліктері пайдаланылды.

Кітап оқырмандардың кең ауқымына бағытталған: қаржы нарығының мамандары мен экономикалық жоғары оқу орындарының оқытушыларынан бастап – студенттерге, жаңадан бастаған инвесторлар мен Қазақстанның қаржы жүйесінің тарихымен қызығатын барлық адамдарға дейін.

Сонымен қатар Биржа "Тұлғалы тарих" онлайн-жобасын іске қосты – сайтта елдің қаржы нарығының қалыптасуында маңызды рөл атқарған адамдардың жеке естеліктерінен тұратын материалдар (очерктер мен сұхбаттар) сериясын дайындады және жариялады. Олардың кейбіреулері "Болашақ құрылу тарихы" атты кітабындағы жұмыста қолданылды.

Сондай-ақ, KASE мерейтойына Қазақстандық қор нарығы үшін тарихи құнды 100-ден астам экспонаттар жиналған биржа мұражайын құру орайластырылған.



Биржаның қосымша ақпараттық алаңы 2018 жылдың наурыз айында басталған KASE Talks жобасы Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын құру мен дамытуға елеулі үлес қосқан қаржы нарығының жетекші мамандарының қатысуымен жария дәрістер форматында болды. KASE Talks мақсаты – Қазақстан Республикасының қаржы нарығының қалыптасу жағдайлары және оның дамуына әсер ететін негізгі факторлар туралы халықтың хабардар болуын арттыру.

Өткен жылы Азамат Жолдасбеков, Дамир Қарасаев, Елдар Әбдіразақов, Шолпан Айнабаева, Әнуар Сәйденов және Елена Бахмутованың қатысуымен алты KASE Talks дәрісі ұйымдастырылды. Дәріс өте үлкен танымалдыққа ие болды және әр түрлі санаттағы тыңдаушыларды бір аудиторияда жинады: студенттер, банктер мен брокерлік ұйымдардың жас мамандары, журналистер.

Биржаның қызықты жаңалықтар контентін жасауға бағытталған ақпараттық саясатты жүзеге асыру мақсатында, әлеуметтік платформаларда түрлі мақсатты аудиториялар – жастар ортасынан бастап сарапшылар қоғамдастығына дейін KASE ресми беттері құрылды.

Қызметтердің сапасын арттыру

Биржалық қызметтердің сапасын бағалау Биржа қызметімен Биржа клиенттерімен Қанағаттану деңгейін бағалау әдістемесі негізінде жүзеге асырылады. Әдістеме KASE клиенттеріне ұсынылатын қызметтердің сапасын және қолданылатын бизнес-үдерістердің негізгі аспектілерін бағалау мақсатында жыл сайынғы сауалнаманы қарастырады – Биржа мүшелігіне қабылдау, трейдерлерді оқыту, сауда-саттықты ұйымдастыру, клиринг, есеп айырысу, ақпаратты ашу, ақпараттық технологиялар және биржалық және клирингтік алымдарды төлеу.

2018 жылғы сауалнаманың шеңберінде 43 Биржа мүшелері, 84 эмитенттер және 7 құрылымдық бөлімшелер арасында сауалнама жүргізілді (өзін-өзі бағалау). Биржа клиенттерінің жалпы қанағаттанушылық деңгейі 89,50 % құрады.

Ақпараттық жүйелердің сыртқы пайдаланушыларына қызмет көрсету үшін 2017 жылы Биржа Service Desk қызметін іске қосты. Қызметтің функционалдық бөлігі ретінде анықтамалық қызметтен техникалық қолдауға дейінгі қолдаудың үш деңгейі бар. Айырбастау қызметін жақсарту жұмыстары тұрақты негізде жүргізілуде.

3 СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ. БИРЖАЛЫҚ БИЗНЕСТІҢ ТИІМДІЛІГІ МЕН БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ

Стратегиялық серіктестік

2018 жылғы 10 қазанда KASE мен MOEX стратегиялық ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды. Келісім MOEX сауда-клирингілік жүйелерін сатып алуды және KASE капиталындағы MOEX үлесін сатып алуды көздейді.

KASE және MOEX мақсаттарға қол жеткізу үшін Келісімді және табыстарын ұлғайту ынтымақтастықты дамытуға бағытталған:

- KASE нарықтарының, клирингтің, тәуекелдерді басқарудың тиімділігін арттыру және жаңа биржалық құралдарды құру мақсатында MOEX сауда-клирингілік жүйелерін ұсыну;
- KASE қор және ақша нарықтарында ОК іске қосу, пайдаланылатын құралдар мен сервистердің тізбесін кеңейту;
- KASE нарығын дамыту, биржалық сауда-саттық көлемін ұлғайту және сауда-саттыққа қатысушылардың шеңберін кеңейту;
- сауда-саттыққа қатысушылар мен инвесторлардың KASE және MOEX биржалық нарықтарына өзара қол жеткізуін қамтамасыз ету, KASE және MOEX биржалық нарықтарына халықаралық инвесторларды тарту;
- KASE жария компания мәртебесін алу және KASE акцияларын IPO өткізу бойынша MOEX тәжірибесін пайдалану.

2019 жылдың 29 қаңтарында Биржа және MOEX тараптар қол қойған стратегиялық ынтымақтастық туралы Келісімді жүзеге асыру аясында KASE 32 360 акциясын сату бойынша мәміле жасады. Мәміле қорытындысы бойынша Биржа капиталындағы MOEX үлесі орналастырылған акциялардың 3,32 % - ын құрады.

Нарықтық ақпаратты алға бастыру

2018 жылы "Райффайзенбанк" АҚ коммерциялық банкі және StatproCanadaInc аналитикалық компаниясы KASE ақпараттық қызметтерін алуға келісім-шарттар жасасты. Нәтижесінде биржалық ақпаратты 13 вендор таратады.

Биржаның интернет-сайты арқылы нақты уақыт тәртібінде сауда-саттықты қарауға жазылушылар саны 161 жазылушыны құрайды.

2017 жылдың тамызында Биржаның Директорлар кеңесі операциялық және әкімшілік шығындарды оңтайландыру мақсатында "ИАФР "Ирбис" ЖШС (бұдан әрі осы бөлімде – Агенттік) тарату және биржа агенттігінен ақпарат тарату бойынша функцияларды беру туралы шешім қабылдады. 2018 жылы "ИАФР "Ирбис" ЖШС және "IRIS Finance" бағдарламалық өнімінің KASE-ге қызмет көрсетуге жазылушылардың аударымы аяқталды. Нәтижесінде KASE ақпараттық қызметтеріне 21 компания қол қойды. 2018 жылдың 24 желтоқсанында Биржа ресми түрде Агенттікті жою туралы жариялады.

Есепті жылы KASE акционерлердің жиналысы, купон төлеу, дивидендтер төлеу, өтеу, кері сатып алу, орналастыру, сплит, дефолт, акционерлер құрамының өзгеруі және т. б. сияқты оқиғалар туралы ақпаратты қамтитын "Корпоративтік оқиғалар" ақпараттық өнімін іске қосты.

KASE биржалық ақпаратты ұсыну бойынша сервис сапасын арттыру мақсатында техникалық инфрақұрылымды жетілдірумен үздіксіз айналысады, сондай-ақ жаңа ақпараттық өнімдер мен қызметтерді құру бойынша жұмыс істейді. Стратегияны іске асыру кезеңінде биржалық ақпараттың алты таратушысы – CitigroupGlobalMarketsLtd, S&P GlobalInc (former SNL), StatproCanadalnc, "ФридомФинанс" АҚ, "Atameken Business Channel" ЖШС, "Райфайзенбанк"АҚ тартылды. Олардың үшеуі KASE-нің серіктесі Вена қор биржасы (WBAG) тартқан.

2016 жылы құрлықтық Қытай аумағында ақпараттық өнімдерді жылжыту мақсатында China Investment Information Services limited (CIIS) - мен ынтымақтастық орнатылды.

KASE биржалық ақпаратты ұсыну бойынша сервис сапасын арттыру мақсатында техникалық инфрақұрылымды жетілдірумен үздіксіз айналысады, сондай-ақ жаңа ақпараттық өнімдер мен қызметтерді құру бойынша жұмыс істейді. 2016 жылдан бастап 2018 жылға дейін бес жаңа ақпараттық өнім іске қосылды:

- Non-display / Туынды ақпарат
- Анықтамалық ақпарат
- Биржа мүшелеріне ақпарат беру
- KASE жаңалықтары
- Корпоративтік оқиғалар

2017 жылы Telegram – бот @KASEInfoBot қосымшасында KASE ақпараттық сервисі іске қосылды. Арна валюталық және қор нарықтары туралы ақпаратты, индикаторлардың мәні туралы ақпаратты, сондай-ақ дивидендтер туралы ақпаратты қамтиды. 2019 жылдың 01 қаңтарына оның пайдаланушылар саны 2 900 адамды құрады.

IT-жүйелерді дамыту

Ақпараттық жүйелердің бас тартуға төзімділігі жоғары деңгейдегі деректерді өңдеудің қазіргі заманғы тиімді бөгде орталықтарына (ДӨО) көшуі бойынша жұмыстар аяқталды. Виртуалды серверлерде жұмыс істеуге мүмкіндігі бар Биржаның барлық ақпараттық жүйелері виртуалданған ортаға ауыстырылды.

2018 жылы NEXT сауда жүйесінде Орталық контрагенттің (OK) қызметін қамтамасыз ету үшін жаңа модульдер іске қосылды. Бұл жүйеде брокерлерге валюталық сауда-саттыққа қол жеткізу мақсатында қосымша пысықталды.

Негізгі жүйелерді жетілдіру мақсатында: сауда жүйесі, клиринг жүйесі, FIX-шлюздер 2016-2018 жылдары іске қосылды:

- BOS және CS-9 нұсқасы және 5 нұсқалығы, 1 шығарылым және 4 алдын-ала шығарылым;
- AST-12 нұсқасы және 6 нұсқалығы;
- Fix TR-7 нұсқасы;
- NEXT-5 нұсқасы.

Сауда жүйелерінің бас тартпаушылығын арттыру мақсатында 2017 жылы АСТ және NEXT сауда жүйелерінің техникалық хабары шығарылды.

Ақпараттық-техникалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету

Ақпараттық-техникалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында Биржаның тиісті қызметі 2017-2018 жылдары Ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін азайтуға және Биржаның ақпараттық қауіпсіздік деңгейін арттыруға бағытталған құқықтық, әкімшілік, ұйымдастырушылық және техникалық шаралар кешенін өткізді.

Ақпараттық қауіпсіздік жөніндегі негізгі бақылаулар мен басқару процестері қауіпсіздік жөніндегі халықаралық стандарттарға, оның ішінде ISO 27001 және ҚРҰБ нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес пысықталды.

Құпия ақпараттың таралып кету қаупін төмендету үшін сыни ақпаратқа қол жеткізуді логикалаудың, шектеудің және бақылаудың қосымша тетіктері енгізілді.

Биржаның ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымын ықтимал кибершабуылдардан қорғау деңгейін арттыру мақсатында Биржаның есептеу желісі мен ақпараттық жүйелерінің кибершабуылдардан қорғалу жағдайын тексеру кешені өткізілді, олар ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін және олар көрсететін қызметтерді бұзуға әкеп соқтыруы мүмкін.

Тексеру нәтижелері бойынша АТД-мен бірлесіп Биржаның есептеу желісінің архитектурасын, биржа периметрін қорғауды жүзеге асыратын жабдықтар мен бағдарламалық қамтамасыз етуді жаңғырту бойынша жұмыстар жүргізілді, бұл биржа желісінің қорғалу деңгейін айтарлықтай арттыруға және ықтимал кибершабуылдардың тәуекелдерін азайтуға мүмкіндік берді.

Биржаның физикалық қауіпсіздік процестері айтарлықтай жақсарды, атап айтқанда, өткізу режимінің жаңа ережелері, күзетілетін аймақтар мен үй-жайлардың жай-күйін көзбен шолып және объективті бақылауды қамтамасыз ету ережелері регламенттелді және бекітілді.


Барлық іс-шаралар жиынтығы Биржаның ақпараттық қауіпсіздік деңгейін айтарлықтай жақсартуға және ықтимал тәуекелдерді азайтуға мүмкіндік берді.

НӘТИЖЕЛЕРГЕ ШОЛУ

36 Жаһандық контекст

38 KASE нарықтары

52 Операциялық және қаржылық нәтижелер



ЖАҢАНДЫҚ КОНТЕКСТ

Қор нарықтары жай-күйінің іргелі факторлары экономиканың жалпы жай-күйі болып табылады. Өткен жылдардағы жаһандық қаржы дағдарыстарының қысымымен әлемнің ірі экономикаларының орталық банктері экономиканың өсуін жеделдету мақсатында негізгі мөлшерлемелерді төмендетті. Өткен жылдардағы іс-қимылдардың оң нәтижесі статистикалық деректермен расталады. Әлемдік экономиканың өсу қарқыны 2016 жылы 2,4 % – ға, 2017 жылы -3,137 % жетті¹.

Халықаралық валюта қорының болжамдары бойынша 2018 және 2019 жылдары әлемдік өсу қарқыны 3,7 % деңгейінде тұрақты болып қалады². Төмен пайыздық мөлшерлемелер қор нарығының жай-күйіне қолайлы түрде әсер етті, алайда әлемдік экономиканың оңалту шамасына қарай сандық жұмсарту бағдарламаларын тоқтату және сандық қатаңдатуға көшу тәуекелі артты. Монетарлық биліктің кері ақша-несие саясатына көшу жылдамдығына қатысты нарық қатысушыларының болжамдарының алшақтығы қор нарықтарындағы белгісіздікті арттырды.

Жыл басынан бері әлемдік қор нарығы әртүрлі бағыттағы динамиканы көрсетті. Қаңтар АҚШ-та салық мөлшерлемелерінің төмендеуі және пайыздық мөлшерлемелердің артуы, сондай-ақ жетекші талдау агенттіктері тарапынан жаһандық экономиканың өсу болжамдарының артуы аясында қор алаңдарындағы жалпы оптимизммен сипатталады. Көптеген қор индекстерінің нарықтық мультипликаторлары тарихи максимумдарға жетті. Осылайша, мультипликатордың мәні S&P500 кең нарық индексінің бағасы/таза пайдасы (P/E) 20 құрады.

Алайда, 2018 жылдың бірінші тоқсанының ортасынан бастап дамыған елдерде монетарлық саясатты қатаңдату процесін жеделдетуге қатысты инвесторлардың қауіптерінен туындаған нарықтардың жоғары құбылмалылық кезеңі басталды. Бірінші кезекте, бұл инфляцияның жылдамдауына, сондай-ақ сауда жанжалдарының салдарынан әлемдік сауда көлемінің баяулауына байланысты АҚШ пен Еуропаға қатысты болды.

Үшінші тоқсанда экономикалардың құрылымдық проблемаларына және басқа елдердің ұлттық валюталарына қатысты АҚШ долларының айтарлықтай нығаюына байланысты шетелдік инвесторлар капиталының жылыстауынан туындаған дамушы нарықтарда нарықтарға сатылымдар қосылды. Жалпы сатылымда америкалық қор алаңдары ғана қолайлы макроэкономикалық жағдайларға байланысты оң аймақта саудаланды.


Нарықтардың өсуінің негізгі драйверлері технологиялық сектор, денсаулық сақтау және іріктемелі сұраныстағы тұтыну тауарлары компанияларының акциялары болды. 2018 жылдың соңына қарай әлемнің барлық негізгі қор индекстері жылдың басына қатысты мәндерде жоғалтты,бірақ егер еуропалық және азиялық нарықтарының шығындары екі таңбалы сандармен есептелетін болса, онда кең нарықтың американдық индекстерінің төмендеуі 5-6 % - дан асып түседі.

1. [IMF Data Mapper, Real GDP Growth, Annual percent change.](#)
2. [World Economic Outlook Update, January 2019.](#)

Валюта бағамдарының өзгеруіне және Ресейге қарсы санкциялардың жаңа пакетін енгізуге қарамастан, Мәскеу Биржалық Индексінің 2018 жылғы жылдық кірістілігі 12 % жетті. IMOEX индексі қолдайтын негізгі факторлар жетекші ресейлік компаниялардың жоғары дивидендтері және "қара алтын" бағасының өсуі болды. Бір жыл ішінде MSCI Russia индексі минус 17,9 % MSCI EmergingMarkets қарсы 7,1 % төмендеді. Айта кету керек, 2018 жылдың қаңтарында бұл көрсеткіш соңғы 10 жыл ішінде


рекордтық деңгейге жетті (1255 тармақтан жоғары), бірақ индекс тез жоғала бастады және 12 айдан аз уақыт ішінде 25 % -ға 965 тармаққа дейін төмендеді. Дегенмен, Ресей нарығы көптеген дамушы нарықтардан өздерін жақсы сезінді. Дамушы және дамыған елдердегі қор нарықтарының көпшілігі 2018 жылы инвесторлардың капиталдарының акциялардан аз тәуекелді активтерге кетуіне байланысты "құлдырады".

2018 жылдың қорытындысы бойынша кейбір дамып келе жатқан нарықтар валюталарының АҚШ долларына қатысты нығаюы / әлсіздеуі



Дереккөз: Bloomberg

2018 жылдың қорытындысы бойынша негізгі дүниежүзілік индекстердің және KASE ИНдексінің өсу көрсеткіші



Дереккөз: Bloomberg

KASE НАРЫҚТАРЫ

Қазақстандық қаржы нарығы үшін 2018 жыл да бір мәнді емес болып шықты: нарық әлемдік экономика қарқынының, сауда соғыстары мен санкциялық режимдердің баяулауы әсерінен қалыптасты, шетелдік инвесторлардың теңгелік активтерге деген қызығушылығының төмендеуі байқалды.

2018 жылдың өзіндік ерекшелігі жыл нарықтардағы көңіл-күй бойынша екі тамаша кезеңге бөлінген өзгермелі сәттің болуы болды. 2018 жылдың бірінші тоқсанында қазақстандық биржалық нарықтың конъюнктурасы 2017 жылдың көңіл-күйін сақтап қалды, бағалы қағаздар нарығындағы қолайлы жағдайдың арқасында теңге бағамының тұрақтануы және банк өнімдерінің пайыздық мөлшерлемелерінің төмендеуі салдарынан біз Қазақстан резиденттері тарапынан да, шетелдік инвесторлар тарапынан да теңгелік биржалық құралдарға деген сұраныстың артқанын байқадық.

Сәуір айының екінші онкүндігінің басталуына дейін Қазақстандық қор индексі 2016 жылы 58 % және 2017 жылы 59 % өсу белгісін бағындырғаннан кейін сенімді көтерілді. 2018 жылдың бірінші тоқсанының қорытындысы бойынша KASE индексі 12,7 % артық болды, салыстыру үшін 2017 жылы осы кезеңде осы көрсеткіш 14,4 %, 2016 жылы – 13,1 % құрады. Бұл ретте, акциялар нарығында қызып кету сезілмеді. Егер өткен жылдары мамыр айында KASE Индексінің дивидендік төлемдердің дәстүрлі кезеңі аяқталғаннан кейін "екінші тыныс" ашылса және эмитенттердің корпоративтік тарихы оны сенімді түрде жоғары жылжытса, онда есепті жылы KASE индексі ұлттық валютамен қатар әлсіз болды.

Бұдан басқа, KASE индексі KazMinerals құнының 3 800-ден 2 530 теңгеге дейін төмендегені бірнеше шетелдік инвестициялық банктердің 2018 жылдағы мыс бағасына қатысты жағымсыз болжамының жариялануына байланысты (АҚШ пен Қытай арасындағы сауда қақтығысы мен әлемдік сұранысқа¹ қысым салдарынан мыстың бағасы шын мәнінде 2018 жылы 20 %-ға төмендеді) және ресейлік Баим мыс кен орнын сатып алғаннан кейін компанияның қарыз жүктемесінің жоғарылауына байланысты айтарлықтай әсер етті. 2018 жылдың қорытындысы бойынша KASE Индексінің мәні 6,6 % 2 304,94-ке дейін өсті.

Биржалық нарықтың барлық секторларындағы операциялардың жиынтық көлемі 372,1 млрд. АҚШ доллары немесе 127,8 трлн теңге. Сауда-саттықтың жиынтық көлемінің теңгелік мәнде 15,6 % және долларлық мәнде 20,4 % төмендегеніне қарамастан, біз бағалы қағаздар нарығы сыйымдылығының біртіндеп ұлғаюын көрсететін бірнеше маңызды оң үрдістерді көрдік.

Сауда-саттық көлемінің сенімді өсуі бағалы қағаздар нарығында байқалды. Жыл қорытындысы бойынша оның мәні 2017 жылдың ұқсас көрсеткішіне қарағанда 41,2 %, яғни, 4,9 трлн теңгеге дейін өсті. Акциялардың және корпоративтік облигациялардың бастапқы және қайталама нарықтарындағы сауда-саттықтың жиынтық көлемі екі еседен астам өсімді көрсетті.

Акциялардың қайталама нарығында сауда көлемі 261,8 млрд. теңгеден 539,3 теңгеге дейін өсті. Қайталама нарықтағы мамандандырылған сауда-саттық есебінсіз сауда-саттық көлемі бір жыл ішінде 147,7-ден 431,5 млрд. теңгеге дейін өсті. Индекстік акциялар сауда-саттығының көлемі 48,7-ден 168,4 млрд. теңгеге дейін артты. Акция нарығында сауда-саттыққа қатысушылардың саны, сауда тізімдеріндегі эмитенттер мен бағалы қағаздар саны артты.

Корпоративтік облигациялар нарығында бастапқы орналастыру секторында айтарлықтай өсім байқалды, олардың көлемі 2017 жылы 864,5 млрд теңгеге қарағанда 1 858,2 млрд теңгеге дейін 2 есеге өсті.

Бағалы қағаздар нарығын дамыту үшін маңызды оқиғалар тізбегінде Clearstream халықаралық клирингтік жүйесінде қазақстандық МБҚ есеп айырысу мүмкіндігін алуды атап өту керек, бұл болашақта шетелдік инвесторлардың ағыны есебінен МБҚ нарығының өтімділігіне әсер етеді.

Шетелдік валюта нарығының сыйымдылығы есепті жылы елеулі өзгерістерге ұшыраған жоқ. Шетелдік валюта нарығындағы сауда көлемі 2018 жылы 13,4 трлн теңгеге жетті, бұл өткен жылдың ұқсас көрсеткішінен 9 % немесе 1,1 трлн теңгеге жоғары. Өсу тренді рубль мен теңге валюталық бағамдарына қысым кезеңінде валюта нарығының бірнеше жоғары құбылмалылығымен байланысты болды.

Ақша нарығы салыстырмалы түрде төмендегенін көрсетті. Ақша нарығындағы сауда-саттықтың жиынтық көлемі 19,3 % немесе 26,2 трлн теңгеге 109,5 трлн теңгеге дейін төмендеді. Ақша өтімділігінің қысқаруы институционалдық қатысушылардың валюталық айырбас нарығына қатысуының қысқаруына байланысты болды. 2018 жылы желтоқсан айында жылдық инфляция 5,3 % жетті (2017 жылғы желтоқсанға жылдық -1,8 %). Бұл ретте Ұлттық Банк бір жыл ішінде базалық мөлшерлемені жылдық 9,25 %-ға дейін төмендете отырып, ақша-несие саясатын жұмсарту саясатын жалғастырды. 2018 жылғы 04 маусымдағы отырыс қорытындысы бойынша ол жылдық 9,00 % дейін төмендеді. Табыстылықтың басты бағдарының динамикасы KASE-дегі қысқа мерзімді қарыз алу мөлшерлемелері қозғалысының траекториясын алға тартты. Тиісінше, жыл соңына қарай ақша нарығының барлық индикаторлары төмендегенін көрсетті. Теңге немесе долларлық өтімділіктің өткір жетіспеу кезеңі байқалмады, тиісінше ақша нарығының құралдарына деген сұраныс репо нарығы үшін елеулі өзгерістерге ұшырамады және валюталық айырбас нарығы үшін қысқарды.


1. Дереккөз: Bloomberg.



Бағалы қағаздар нарығы

Акциялар

Акциялар нарығындағы сауда-саттық көлемі, млрд. KZT



"ҚазМұнайГаз" Барлау Өндіру" АҚ жай акцияларын кері сатып алу Биржада екі кезеңмен өткізілді, осы сауда-саттықтар аясында 84 АҚШ доллары бағасымен 336 584 акция жалпы сомасы 28,3 млн АҚШ долларына (баламасы 9,0 млрд теңге) кері сатып алынды. Сондай-ақ компания өзінің 62,0 млн ЖДҚ 14 АҚШ долларынан жалпы сомасы 868,0 млн АҚШ долларына (277,3 млрд. теңге) кері сатып алды.

Акциялар нарығындағы инвесторлардың құрылымында айтарлықтай өзгерістер болған жоқ: басым бөлігін жеке тұлғалар құрады, олардың үлесі 53,3 % құрады. Бөлшек инвесторлардың тұрақты қызығушылығымен қатар, жеке тұлғалардың атынан ашылған шоттардың саны да өсті. 2019 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша Орталық депозитарийде жеке тұлғалардың атынан ашылған 116 824 жеке шоты тіркелді, бұл көрсеткіш 2018 жылдың басындағы көрсеткіштен 7,6 мың шотқа артық, ал 2017 жылдағы өсім +3,9 мың шот болған. Екінші деңгейдегі банктердің (ЕДБ) үлесі 1,1 %, брокеров-дилерлердің үлесі 22,6 %, басқа институционалдық инвесторлардың еншісінде 7,3 %, өзге заңды тұлғалардың еншісінде – 15,7 % болды. Резидент еместердің қатысу үлесі 10,4 % құрады.

Акциялар нарығындағы инвесторлардың негізгі санаттарының үлестері, %




2018 жылы акциялар нарығындағы сауда-саттық көлемі 2017 жылмен салыстырғанда екі есе өсіп, 539,8 млрд. теңгеге жетті.

Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 2 194,5 млн теңгені құрады, мәмілелердің орташа күндік саны – 573, бір мәміленің орташа көлемі – 3,8 млн теңге.

Акциялардың бастапқы нарықтағы сауда-саттықтарының көлемі 93,1 % азайды. Есептік жылы "БАСТ" АҚ 10,5 мың жай акцияларын 526,4 млн теңгеге орналастыру ғана болып өтті.

Қайталама нарықтағы сауда-саттық көлемі 2017 жылмен салыстырғанда екі есе өсіп, 261,8 млрд. теңгеден 539,3 млрд. теңгеге жетті. Көбінде бұл, бірнеше компаниялардың акционерлері ауысумен және "ҚазМұнайГаз" Барлау Өндіру" АҚ кері сатып алуымен байланысты, қайталама нарықтағы тұрақты емес ірі мәмілелердің айтарлықтай санымен байланысты болды.

KASE Индексінің 2016-2018 жж қозғалысы, %



2018 жылдың қорытындысы бойынша KASE индексі 6,6 % өсіп, 2 304,94 нүктеге жетті. Есептік кезең барысында KASE Индексінің өкілетті тізімінің себетінен "ҚазМұнайГаз" Барлау Өндіру" АҚ және "Астана Банкі" АҚ жай акциялары шығарылып, "Банк ЦентрКредит" АҚ жай акциялары енгізілді.

KASE Индексінің өкілетті тізімінің акциялары арасындағы өсім көшбасшысы "Қазақтелеком" АҚ жай акциялары болды, олардың бағасы 63,4 % немесе 12 994 теңгеге өсіп, бір акцияға 33 499 теңгені құрады. 2018 жылдың екінші жартысында Теле2-Алтел бірлескен кәсіпорнының кірістер алуы туралы және, 21 желтоқсанға дейін аяқталған, "Кселл" АҚ акциялары бойынша дивидендтер төлеу және осы компания акцияларының 75 % сатып алу мәмілесінен күтілімдер туралы жаңалықтар тұсында, компаниялар акцияларының баға белгілеулерінің айтарлықтай өсімі көзге түсті. Мәміле аясында "Қазақтелеком" АҚ TeliaCompany меншігіндегі "Кселл" АҚ акцияларының 24 % және Fintur Holdings B.V. меншігіндегі осы акциялардың 51 % сатып алды.

Акциялар құнының өсімі көрсеткіші бойынша екінші орында "Қазақстан халық жинақ банкі" АҚ. Жылдың қорытындысы бойынша компания акцияларының бағасы 21,6 % немесе


17,82 теңгеден бір акцияға 100,41 теңгеге дейін өсті. Акциялар құнының өсімі банк кірістерінің рекордтық мәндері тұсында, сондай-ақ екі ірі банк Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ және "Казкоммерцбанк" АҚ бірігуінен кейінгі бизнестің қарқындауын күту тұсында болды. 2018 жылдың 01 маусымында банк 2015 жылдан бері алғашқы рет 2017 жылға бір акцияға 6,31 теңгеден дивиденд төледі.

Өсім көшбасшыларырың арасында үшінші орынға иеленген "Банк ЦентрКредит" АҚ акциялары болды, олардың бағасы 18,7 % немесе 36,97 теңгеге қымбаттап, бір акцияға 234,21 теңгені құрады. Акциялар бойынша ралли 2018 жылдың 24 қаңтарында басталды. Баға белгілеулердің өсімі мәмілелердің өскен көлемдерімен қосарланып, нақты факторлармен негіделген жоқ, алайды банк акционерлерінің ауысуы туралы жаңалықтың алдында болды.


Жылдың қорытындысы бойынша тек KAZ Minerals PLC акцияларының бағасы төмендеп, 33,4 %-ға немесе 1 270,00 теңгеге арзандап, бір акцияға 2 530,00 теңгені құрады, бұл негізінен компанияның Чукоткадағы Баим мыс-алтын кен орнын сатып алуын инвесторлар негативті бағалауымен және мыстың 2018 жылдың жазында бағасы 20 %-ға құлауымен байланысты болды.



KASE Индексінің компоненттері



Соңғы 5 жылдағы листингтік акциялардың динамикасы




Акциялар нарығының капитализациясы жыл барысында 10 % төмендеп, 15,5 трлн теңгені құрады, бұл 2017 жылдың шілде айынан бастап минималды мән болып табылады. Капиталға айнарудың соншалықты елеулі төмендеуі "Казкоммерцбанк" АҚ және "ҚазМұнайГаз" Барлау Өндіру" АҚ жай акцияларының делистингімен байланысты.

KASE тізімдеріндегі акциялар атауларының саны, эмитенттердің санымен қатар, 2018 жылы тарихи максималды мәніне жетті – тиісінше 130 және 113, соның ішінде листингтік емес сауда-саттық алаңында – үш компанияның үш атаудағы акциялары. Өткен кезеңде KASE ресми тізіміне 18 компанияның 21 акциясы енгізілді, соның ішінде, бұрын Биржаның тізіміне енгізілмеген 13 жаңа эмитенттің 14 шығарылымы, және листингтік емес алаңда екі компанияның акциялары. Өткен жылмен салыстырғанда акциялар саны 10 атауға, эмитенттер саны 7 компанияға артты.

Корпоративтік облигациялар

Корпоративтік облигациялар нарығындағы сауда-саттық көлемі, млрд. KZT



Корпоративтік облигациялар нарығындағы сауда-саттықтардың көлемі 2 309,4 млрд теңгеге жетті, бұл 2017 жылмен салыстырғанда екі есе артқан, тарихи максималды мән болып табылады. Мәмілелер көлемінің өсімі бастапқы нарықта да, қайталама нарықта да байқалды.


Орташа күндік көлем 9 387,9 млн теңге (қайталама нарықта – 1 834,2 млн теңге) деңгейінде қалыптасты, мәмілелердің орташа күндік саны – 9, бір мәміленің орташа көлемі – 1 048,3 млн теңге (қайталама нарықта – 218,4 млн теңге).

Барлығы есептік жылда 24 эмитент 1 858,2 млрд теңге тартты, нарықтық мөлшерлемелер жылдық 8,5–13,5 % диапазонында құбылды. Жалпы орналастырулардың ең үлкен үлес – 30,7 % және 24,2 % – "ҚазАгро" Ұлттық басқарушы холдинг" АҚ және "Проблемалық несиелер қоры" АҚ облигацияларының шығарылымдарына тиесілі, олардың сомалары тиісінше 570 млрд теңге және 450 млрд теңге болды. Осы облигацияларды капитализацияны есептеуге қосу осы көрсеткішті 21 % ұлғайтып, 10,8 трлн теңгені құрады.

Корпоративтік облигациялардың қайталама нарығындағы сауда-саттықтардың көлемі 56 % артып, 451,2 млрд теңге. Инвесторлардың негізгі санаттары бойынша жалпы брутто-айналымның ең үлкен үлесі заңды тұлғалардың – 51,6 % және екінші деңгейдегі банктердің – 34,1 % еншісінде болды, олар негізінен облигацияларды өтеуге дейін ұстау үшін сатып алды. 2017 жылдағыдай, қайталама нарықта ікір мәмілелер орын алды, алайда олардың есептік жылда қаржы құралдары бойынша көлемнің шоғырлануы төмен болды.



Корпоративтік облигациялардың қайталама нарығындағы инвесторлардың негізгі санаттарының үлестері, %



Таза бағасы бойынша есептелетін, KASE_BMC индикаторының динамикасын ескерсек, корпоративтік облигациялар нарығының қалыптасуын екі кезеңге бөлсе болады. Есептік жылдың басынана бастап қыркүйек айына дейін KASE_BMC индикаторы тұрақты өсім көрсетті. Оң динамиканы теңге бағамының салыстырмалы тұрақтылығымен және инфляцияның бірте-бірте төмендеуімен қамтамасыз етілді, бұл Ұлттық Банкіне базалық мөлшерлемені жылдың басындағы 10,25 %-дан маусым айында 9,0 % дейін төмендетуге мүмкіндік берді. Сәуір айында басталған, сыртқы экономикалық жағдайдың нашарлауы теңгенң volatilьділігін арттырып, проинфляциялық тәуекелдерді күшейтті. Осыға байланысты Қазақстанның қаржылық реттеушісі 15 қазанда бағалық мөлшерлемені 25 б.н. жылдық 9,25 % дейін көтеру туралы шешім қабылдады. Осы деңгейдегі базалық мөлшерлеме есептік жылдың аяғына дейін қолданыста болды. Теңгенің әлсіздеуі және базалық мөлшерлеменің көтерілуі қыркүйек айында KASE_BMC индикаторының күрт құлауымен көрініс алды. Есептік жылда жалпы

базалық мөлшерлеменің 1,00 % төмендеуіне қарамастан, KASE_BMY корпоративтік облигациялардың кірістілік индикаторы 79 б.н. өсіп, жылдық 11,14 % жетті. Корпоративтік облигациялардың кірістілік көрсеткішінің өсуі доллар / теңге жұбы бағамының тарихи максимумға дейін күрт өсуімен байланысты болды, соның салдарынан теңгелік активтер жаппай сатылып, корпоративтік бағалы қағаздардың бағасы құлады.

Корпоративтік облигациялар секторында 2018 жылдағы маңызды уақиғасы 17 қыркүйектен бастап T+2 сызбасы бойынша АҚШ долларымен есеп айырысатын еурооблигациялардың сауда-саттықтарының іске қосылуы болды. Еурооблигациялармен жасалған мәмілелер бойынша көптарпты-неттинг жүргізіліп, сондай-ақ қамтудың бірыңғай пулы қолданылады, оған 21 атаудағы еурооблигация енгізілді.

Есептік жылдың соңында KASE сауда-саттық тізімдеріне 62 эмитенттің 247 атаудағы облигациясы енгізілді. 2018 жылы листинг процедурасынан 26 эмитенттің 41 облигациялар шығарылымы, соның ішінде алты жаңа эмитенттің жеті шығарылымы, өтті.


Мемлекеттік бағалы қағаздар

Биржадағы МБҚ сауда-саттықтарының көлемі 1 644,8 млрд. теңгені құрап, 2017 жылмен салыстырғанда 17,2 % төмендеді.

Сауда-саттықтардың орташа күндік көлемі 6 686,3 млн теңгені (қайталама нарықта – 3 217,0 млн теңге) құрады, мәмілелердің орташа күндік саны – 6, бір мәміленің орташа көлемі – 1 166,5 млн теңге (қайталама нарықта – 634,1 млн теңге) болды.

Бастапқы нарықтағы МБҚ сауда-саттықтарының көлемі 2017 жылмен салыстырғанда 50,8 % төмендеп, қайталама нарықтағы белсенділік үш есе артты. 2018 жылы орналастырулардың көлемі 853,4 млрд. теңгені құрады, оның 98,1 млрд. теңгесін төрт облыстың, Астана мен Алматы қалаларының әкімдіктері тұрғын үй құрылысын қаржыландырудың мемлекеттік бағдарламасы шегінде жылдық 0,35 % тартты. Шымкент қаласының әкімдігі жылдық 9 % 10 млрд. теңгеге нарықтық орналастыруды жүзеге асырды. Қаржы министрлігінің қаржы тартуының көлемі жылдық 8,4–8,7 % 745,4 млрд. теңгені құрады.

Мемлекеттік облигациялар нарығындағы сауда-саттық көлемі, млрд. KZT




Бастапқы нарықтағы инвесторлардың негізгі санаттары бойынша ЕДБ үлесі – 1,0 %, брокер-дилерлердің еншісінде – 0,1 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесі – 85,9 %, өзге заңды тұлғалардың үлесі – 13,0 % құрады.

Қайталама нарықтағы сауда-саттықтардың көлемі 2017 жылдағы 252,8 млрд. теңгеден 791,4 млрд. теңгеге дейін өсті. Ұлттық Банктің ноталарының сауда-саттықтарының үлесі сауда-саттықтардың жалпы айналымынан 85,5 % құрады, бұл көрсеткіш 2017 жылы 79,9 % құраған, мұндай динамика бірінші кезекте аталмыш қысқа мерзімді борыштық қаржы құралдарының айналыстағы саны ұлғаюымен байланысты. Осылайша, 2017 жылы ноталардың айналыстағы орташа мәні 2,9 трлн теңге деңгейінде болса, 2018 жылы ол 31 % артып, 3,8 трлн теңгеге жетті.


Қайталама нарықтағы инвесторлардың негізгі санаттары бойынша ЕДБ үлесі – 63,9 %, брокер-дилерлердің еншісінде – 2,0 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесі – 17,9 %, өзге заңды тұлғалардың үлесі – 15,9 %, жеке тұлғалардың үлесі – 0,3 % құрады. Резидент еместердің қатысуы 1,5 % құрады.

Мемлекеттік бағалы қағаздардың қайталама нарығындағы инвесторлардың негізгі санаттарының үлестері, %



Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары


ХҚҰ облигациялары нарығындағы сауда-саттықтардың көлемі, млрд. KZT




Бастапқы нарық
Қайталама нарық



Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары нарығындағы қаржы құралдар бойынша жасалған мәмілелердің көлемі, млн KZT



ХҚҰ облигацияларының сауда-саттықтарының жалпы брутто-айналымындағы инвесторлардың негізгі санаттарының үлестері, %



Есептік жылда халықаралық қаржы ұйымдары бағағалы қағаздарның нарығы дамуға жаңа импульс алды. Ресми тізімге Еуразиялық даму банкінің бес шығарылымы және Халықаралық қаржы корпорациясының екі шығарылымы енгізілді.

ЖБарлығы жылдың соңында сауда-саттық тізімдерде үш халықаралық қаржы ұйымның облигацияларының 14 шығарылымы болды: Еуразиялық даму банкі, Еуропалық қайта құру және даму банкі және Халықаралық қаржы корпорациясы.

Сауда-саттықтардың жиынтық көлемі 101,0 млрд. теңгені құрады.

Бастапқы нарықтағы сауда-саттықтардың көлемі 100,6 млрд. теңгеге жетті. Жыл барысында Еуразиялық даму банкі жалпы 90 млрд теңге тартты, оның ішінде үш жылдық облигацияларының үш шығарылымын 9,1 %-бен 50 млрд. теңгені, бес жылдық облигациялардың бір шығарылымын жылдық 9,5 %-бен 20 млрд. теңгені және төрт жылдық облигациялардың бір шығарылымын 9,7 %-бен 20 млрд. теңгені тартты. Халықаралық қаржы корпорациясы, өтеу мерзіміне дейін төрт жыл және 7,5 жыл, қамтамасыз етілмеген борыштың амортизацияланатын жаңандық ноталарын жылдық 8,3 %-бен орналастырып, 10,6 млрд. теңгені тартты.

Қайталама нарықтың көлемі 421,1 млн теңге көлемінде қалыптасты.

Барлығы нарықтың осы секторында инвесторлардың негізгі санаттары бойынша ЕДБ шоттарына – 22,2 %, брокер-дилерлердің еншісінде – 1,2 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесі – 68,4 %, өзге заңды тұлғалардың үлесі – 8,2 % құрады. Нарықтың осы сегментіндегі жеке тұлғалардың үлесі 0,1 % жетер-жетпес болды.

Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары

Нарық үшін 2018 жылдың маңызды уақиғасы жаңа қаржы құралы – KASE индексіне ETF акциялары болды. 14 желтоқсаннан бастап Биржада есептесуі T+2 сызбасы бойынша FinEx FFIN Kazakhstan Equity ETF сегрегацияланған қосалқы қордың акцияларымның (IE_FXBF) сауда-саттықтары ашылды. Осы қаржы құралы инвестордың портфелін артық шығынсыз әртараптандыруды қамтамасыз етеді, себебі бір уақытта ең өтімді акцияларды қамтиды. Осының алдында 16 қазанда осы қаржы құралының сауда-саттықтары Мәскеу биржасында ашылған.

Есептік кезеңнің соңында инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары секторында алты компанияның басқаруындағы жеті қаржы құралы болды. Аяқталған кезеңде сауда-саттық көлемі 434,0 млн теңгені құрады, бұл 2017 жылмен салыстырғанда 58,7 % төмен көрсеткіш.


Көлем бойынша көшбасшы "Сентрас Секьюритиз" АҚ басқаруындағы CSECfe үлеспұлдарды болды, олармен көлемі 275,7 млн теңгеге 71 мәміле жасалды, екінші орында – State Street Global Advisors басқаруындағы үлеспұлдар, көшбасшылар үштігіне FinEx FFIN Kazakhstan Equity ETF қосалқы қорының акциялары кірді.

2018 жылы сауда-саттықтардың брутто-айналымындағы жеке тұлғалардың үлесі айтарлықтай төмендеп, 2017 жылдағы 51,8 %-дан 33,0 % түсті, брокерлік-дилерлік компаниялардың және өзге заңды тұлғалардың үлестері 1,1 % және 47,0 %-дан тиісінше 16,9 % және 50,1 %-ға дейін өсті.

Ақша нарығы


Ақша нарығындағы сауда-саттықтың жиынтық көлемі, өткен жылдың ұқсас көрсеткішімен салыстырғанда 19,3 % немесе 26,2 трлн теңгеге төмендеп, 109,5 трлн теңгені құрады. Осы көрсеткіштің төмендеуі валюталық своптардың сауда-саттықтарының көлемдері валюталық своп сауда-саттықтарының көлемдерінің күрт құлауымен байланысты болды.

Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздарының сауда-саттығының жалпы брутто-айналымындағы инвесторлардың негізгі санаттарының үлестері, %



Репо операциялары

Репо операциялары нарығындағы сауда-саттықтардың көлемі, трлн KZT




Репо нарығындағы сауда-саттықтар бірқалыпты тәртіптемеде банктік секторда теңгелік өтімділіктің сақталған артылуының ықпалымен өтіп жатты. Осы сегменттергі сауда-саттықтардың көлемі 75,9 трлн теңге болып, айлар бойынша біркелкі болып бөлінді: сауда-саттық көлемінің жылдық өсімі жылдық 2,8 % немесе 2,1 трлн теңгені құрады, сауда-саттықтардың орташа күндің көлемі 308,4 млрд. теңгені (өткен жылдың көрсеткішіне +2,4 %) құрады. Сауда-саттықтардың салыстырмалы тұрақты көрсеткіштері тұсында, 2018 жылы нарыққа қатысушылар бағалы қағаздар кепілімен ұзағырақ уақытқа қор жасауды дұрыс көрді. Репо операцияларыны мерзімдері бойынша ортала сараланған көлем 21,7 % артып, 2,16 күнге жетті, ал 2017 жылы осы көрсеткіш 1,78 күнді құраған. Ұзартулар мен жайғасымдарды мерзімнен бұрын жабуларды ескерумен, repo операцияларының мерзімдері бойынша нақты орташа сараланған көлем 2018 жылы 2,52 күнді құрады, бұл көрсеткіш 2017 жылы 2,27 күн болған.

Репо ашылу мәмілелері бойынша жалпы көлемнің 98,0 % МБҚ себетімен авторепо мәмілелерінің еншісінде болды. МБҚ себетімен авторепо операциялары нарығының ең көп қолданылатын қаржы құралы мерзімі бір күндік repo операциясы болып қалды. Осындай мерзімге жасалған мәмілелердің үлесі МБҚ себетімен авторепо нарығындағы сауда-саттықтардың жалпы көлемінде 86,1 % құрайды.

Барлығы 2018 жылы repo нарығындағы мәмілелерде 47 Биржа мүшесі қатысты. Осы сегменттегі сауда-саттықтың жалпы айналымының 84 % астамы банктердің еншісінде. Резидент еместердің қатысу үлесі айтарлықтай болған жоқ, 0,2 % құрады.


Бір жұмыс күндік repo ашылу мәмілелері бойынша орташа сараланған пайыздық мөлшерлеме болып табылатын, TONIA индикаторы 106 б.н. төмендеп, жылдық 8,26 % жетті. Ал мерзімі жеті жұмыс күндік repo ашылу мәмілелері бойынша орташа сараланған пайыздық мөлшерлемені көрсететін, TWINA индикаторының мәні 158 б.н төмендеп, жылдық 8,27 % құрады.

Инфляция мен ақша нарығының пайыздық мөлшерлемелері



Валюталық своп операциялары

Валюталық своп нарығындағы сауда-саттық көлемі, трлн KZT



Валюталық своп операцияларының нарығындағы сауда-саттық көлемі 45,6 % төмендеп, 33,7 трлн теңгені құрады. Операциялардың орташа күндік көлемі 136,9 млрд. теңгені құрады, бұл өткен жылдың көрсеткішінен 45,9 % төмен. Валюталық своп нарығындағы қаржы құралдар құрылымында сауда-саттықтардың жалпы көлемінің 74,5 % (25,1 трлн теңге) екі күндік валюталық своптардың (USDKZT_0_002) сауда-

саттықтардың еншісінде болды.

2018 жылдың 09 сәуірінен бастап Биржада жаңа қаржы құралдарының сауда-саттықтары ашылды: Қытай Халық Республикасының юані / қазақстандық теңге валюталық жұбына қатысты валюталық своп операциялары (CNYKZT_0_001 мен CNYKZT_0_002) және ресейлік рубль / Қазақстандық теңге (RUBKZT_0_001 мен RUBKZT_0_002).

20 қыркүйектен бастап Еуразиялық даму банкіне RUBKZT_0_001 қаржы құралы бойынша Биржадағы маркет-мейкер мәртебесі берілді. Қыркүйек және қазан айларында RUBKZT_0_001 қаржы құралымен төрттен мәмілелер жасалып, олардың жалпы сомасы 219,5 млн теңге болды.

Ақша-несиелік саясаттың трансмиссиялық механизмінің тиімділігін арттыру мақсатында, сондай-ақ туынды қаржы құралдары нарығының дамуы үшін, Ұлттық Банк 2018 жылдың сәуір айында мерзімі бір күндік валюталық своп операцияларын Биржаның сауда-саттық алаңында өтімділікті беру, сондай-ақ алу бойынша жүзеге асыру туралы шешім қабылдады. Өтімділікті алу LIBOR бір күндік мөлшерлемесін қолдаумен – Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесі + жылдық 2 % жүзеге асырылады. Нәтижесінде, SWAP-1D (USD) бір күндік долларлық своптың кірістілігі 2017 жылмен салыстырғанда шыған шектерде болып, ал жылдың соңында 246 б.н. төмендеп, жылдық 7,43 % түсті. SWAP-2D (USD) индикаторы да 365 б.н. төмендеп, жылдық 7,38 % құрады.



Шетел валюталарының нарығы


2018 жылы шетел валюталарының нарығындағы сауда-саттықтардың көлемі 13,4 трлн теңгеге жетіп, өткен жылдың көрсеткішінен 9,1 %, немесе 1,1 трлн теңгеге артық болды. Жылдың басынан бастап шетел валюталарының нарығында барлығы 34 KASE мүшесі қатысты. Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 54,7 млрд. теңгеге (2017 жылға +8,7 %) жетіп, орташа күндік мәмілелердің саны – 316 (2017 жылдан -33), бір мәміленің орташа көлемі – 172,8 млн теңге болды.

АҚШ доллары. Есептік жылдың бірінші жартысында ұлттық валюта, әдеттегі маусымдық динамиканы көрсете отырып, долларға қатысты бірте-бірте нығайды. Оған себепкер болған экспортерлердің салық төлеу кезеңі де, Brent маркалы мұнай бағасының тұрақты өсуі болды.

Ең алғашқы елеулі сыртқы шок АҚШ тарапынан сәуір айының басында Ресейге қарсы жаңа санкцияларды енгізуі болды. Сәуірдің 05-нен 11-не дейін доллар / рубль валюталық жұбының бағамы 8,5 % өсті. Рубльдің долларға қатысты әлсіздеуі KASE нарығында USD / KZT валюталық жұбының баға белгілеулерінің 3,5 % өсуімен және RUB / KZT баға белгілеулерінің 6,4 % түсуімен көрініс алды. Содан кейінгі теңгенің бірте-бірте әлсіздеуі дамып келе жатқан нарықтардан капиталдың ағылуы тұсында өтті, бұл АҚШ федералды резервінің монетарлық саясатының күшеюімен байланысты болды.

Ресейге қарсы санкцияларының кеңеюі тамыз айында сәуірдегі нарыққа қатысушыларының ұқсас реакциясына әкеп соқтырды. Бағамдарға ықпал етудің қосымша факторы, төрт жылдан астам уақыттан беру максимумына жеткен, мұнай бағасының қазан айының басындағы күрт құлап, аюлар нарығының фазасына ауысты.


Шетел валюталары нарығындағы сауда-саттық көлемі



қаржы құралының көлемі,млрд. теңге


Валюталық нарық тарапынан проинфляциялық тәуекелдері тежеу үшін Ұлттық Банк 15 қазанда базалық мөлшерлемені 25 б.н. көтеріп, жылдық 9,25 % деңгейінде бекіту туралы шешім қабылдады 2018 жылдың соңғы тоқсаны бағамдардың кенет ауытқуысыз өтті. Алайда жаңа жыл қарсаңында Биржадағы шетел валюталарының айырбастау бағамдары қайта көтерілді. Осылайша, 2018 жылдың соңғы сауда-саттық күні доллар / теңге жұбының жаңа тарихи максимумға жетумен аяқталды – екі сессияның нәтижесі бойынша Биржада бір доллардың орташа сараланған бағасы 384,20 теңгені құрады (алдыңғы рекорд 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркелді – 383,91 теңге).

Қаржы құралының саны, млрд.



Ресей рублі. Рубльдің сауда-саттықтарының көлемі 71,4 % азайып, 10,7 млрд рубль болды. Көлемдердің азаюы ең басты 2017 жылдың жоғарғы базасының эффектiмен байланысты. Қатысушылар белсенділігінің төмендеудің қосымша факторы теңгенің айырбастау бағамдарының және доллар / рубль жұбының артқан турбуленттілігі болып, долларға қарай назарды тартты. Осылайша, рубльмен жасалған мәмілелердің саны 1 546 болды, бұл 2017 және 2016 жылдардағы мәмілелер санынан тиісінше 764 және 1 198 мәмілеге аз. Рубльдің сауда-саттықтарына 20 Биржа мүшесі қатысты, ал өткен жылы олардың саны 21 болған.


Қытай юані. Нарыққа қатысушылар юаньнің сауда-саттығына қызығушылығы арта түсуде. Мәмілелердің көлемі екі есеге артып, 218,0 млн юаньді құрады. Мәмілелер саны 341 төмендеп, 545 мәміле жасалды, алайды мәміленің орташа көлемі үш есе ұлғайып, бір мәмілеге 400,0 мың юаньді құрады.



ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕР

Активтер

KASE активтерінің құрылымы, %



2018 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Биржаның активтері¹51 583,8 млн теңгені құрады, бұл өткен жылдың көрсеткішімен салыстырғанда 415,3 % (41 574,3 млн теңгеге) артық.

Активтерінің елеулі өсуі Биржа 2018 жылдың 01 қазанынан бастап шетел валюталарының биржалық нарығында орталық контрагент функциясын атқара бастағанымен шартталды, Биржа биржалық сауда-саттықтарда жасалған барлық биржалық мәмілелер бойынша әр қатысушы үшін тарап болып, нетто-негізде олардың орындалуын кепілдейді.

Активтердің құрылымында ақша және олардың баламасы 102,8 млн теңгеден 26 720,5 млн теңгеге дейін өсті, бұл негізінен кепілдік клирингілік қатысушылардың Биржаның шоттарында тұрған, жарналары мен биржалық мәмілелердің қамтулары есебінен болса, бағалы қағаздар портфелі 4 156,1 млн-нан 18 593,2 млн теңгеге дейін аталмыш қаржыларды ҚР Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноталарына инвестициялау есебінен болды.

1. KASE тобының 2018 жылға аудит жүргізілген шоғырландырылған қаржылық есеп берушілігіне сәйкес

Міндеттемелер мен капитал


Биржаның міндеттемелерінің көлемі 40 674,3 млн теңгеге ұлғайып, 42 671,8 млн теңгені құрады, олардың 91,7 % (39 141,4 млн теңге) клирингілік қатысушылардың алдындағы міндеттемелер болып табылады (кепілдік жарналар мен қамтулар).


Биржаның меншікті капиталы есептік жылда, үлестірілмеген кіріс бабында көрсетілген, таза пайда есебінен 11,2 % (900,0 млн теңгеге) өсіп, 8 912,0 млн теңгені құрады. Меншікті капиталдың пассивтердегі үлесі 17,3 % құрады. Биржаның жарғылық капиталының мөлшері өзгерген жоқ, дивидендтер төленген жоқ.

2018 жылы Биржа өзінің Директорлар кеңесінің шешімі негізінде меншікті акцияларын акционердың жүгінуімен 62,1 млн теңге сомасына кері сатып алды. Өзге қорлар 1 510 млн теңгеге ұлғайып, үлестірілмеген кіріс есебінен қалыптасатын, клирингілік сақтық қорлар есебінен 1 750 млн теңгені құрады.

Негізгі қаржы құралдарын қайта бағалауға резервтер қайта бағалау сомасын, 1,2 млн теңгеге амортизациялау есебінен 179,9 млн теңге болды.

Қызметтің негізгі көрсеткіштері





Кірістер

Биржаның кірістері 2018 жылдың қорытындысы бойынша 3 080,9 млн теңгені құрады, бұл өткен жылдың нәтижесінен 559,3 млн теңгеге 22,2 % артық. Қызметтер мен комиссиялардан түскен кірістер 2 360,8 млн теңгені құрап, 421,3 млн теңгеге 21,7 % артты, пайыздық кірістер 117,4 млн теңгеге немесе 21,2 % көбейді.

Пайыздық кірістердің өсуі инвестициялайтын қаржылардың көлемі өсуі есебінен болды.

Биржаның кірістерінің құрылымында ең үлес комиссиялық алымдардан (42,1 %), листингтік алымдардың (30,4 %) және мүшелік жарналардан (14,4 %) түскен кірістердің еншісінде.

Биржаның комиссиялық алымдары 993,7 млн теңгені құрап, 305,9 млн теңгеге енемесе 44,5 % артты. Аталмыш өсім корпоративтік облигациялар нарығында белсенділіктің күшеюімен және репо операцияларының нарығында сауда-саттықтардың көлемінің өсуімен байланысты болды.

Биржаның листигілік алымдары 2018 жылы 64,0 млн теңгеге немесе 9,8 % өсіп, 718,2 млн теңгеге жетті. Мұндай өсім бағалы қағаздар шығарылымының көлемдерінің өсуімен, сондай-ақ АЕК мөлшерінің өсуіне байланысты болды.


Мүшелік жарналар бойынша кірістер 2017 жылмен салыстырғанда 19,5 млн теңгеге немесе 5,4 % азайып, 340,5 млн теңгені құрады, бұл жағдай Биржаның "валюталық" және "қор" санаттары бойынша мүшелерінің саны азаюмен байланысты – KASE мүшелерінің жалпы саны өткен жылда 56-дан 52 ұйымға дейін азайды.

Бұдан басқа, KASE валюталық нарықтағы ай сайынғы мүшелік жарнаның мөлшерлемелерін төмендетумен қатар, нарықтың осы сегментінде клирингтік комиссияларды енгізді. Осылайша мүшелік жарналардың азаюы клирингтік алымдардың өсуімен еселенді.

Биржаның клирингтік алымдары 73,4 млн теңгені құрап, жоғарыда көрсетілген себеппен, бір жылда 71,4 млн теңгеге артты.

Аөпараттық қызметтер көрсетуден түскен кірістер 2018 жылы 8,8 млн теңгеге немесе 4,2 % азайып, 203,8 млн теңге болды. Бұл биржалық ақпаратты алушылар санының азаюымен тікелей байланысты.

Негізгі қызметтер бойынша кірістердің құрылымы



Шығындар

Жылдың қорытындысы бойынша Биржаның шығындары 1 938,68 млн теңгені құрап, өткен жылмен салыстырғанда 322,71 млн теңгеге немесе 19,9 % көбейген. Осындай өсім негізінен персоналға шыққан шығындардың және тиісті салықтардың, бизнесті дамытуға шыққан шығындардың ұлғаюымен байланысты.


Биржаның операциялық қызметінің нәтижелері

2018 жылдың қорытындысы бойынша Биржаның кірісі 965,31 млн теңгені құрады, бұл өткен жылдың нәтижесінен 21,8 % артық. EBITDA 24,8 % артып, 1 298,35 млн теңгені құрады. Биржаның операциялық кірісі 22,2 % артты, бұл ретте операциялық кірістер 19,9 % көбейді, операциялық маржа¹ 37,1 % дейін ұлғайды, бұл көрсеткіш 2018 жылы 35,9 % құраған. Таза кірістің маржасы² шамамен сол деңгейде қалып, 31,3 % құрады, өткен жылы 31,4 % болған.

Капиталдың рентабельділігі (ROE) 2018 жылдың қорытындысы бойынша 10,4 %-дан 11,4 % дейін өсті. Активтердің рентабельділігі (ROA) 8,9 %-дан 3,1 %-ға дейін төмендеген, оның себебі жоғарыда аталмыш активтердің ұлғаюы болды.

Биржаның шығындарының құрылымында ең үлкен үлек персоналға шыққан шығындар (63,2 %), тозу мен амортизация (6,8 %).

KASE операциялық қызметінің көрсеткіштері



1. Салық салғанға дейінгі кірістің операциялық кірістерге қатынасы
2. Таза кірістің операциялық кірістерге қатынасы

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ



Халықаралық тәжірибені зерделеу және шетелдік эмитенттер мен инвесторлардың отандық қор нарығы туралы хабардар болуын арттыру мақсатында Биржа өз қызметін халықаралық аренада жалғастыруда.

Биржа халықаралық биржалық қауымдастықтардың (WFE), Federation of Euro-Asian Stock Exchanges (FEAS) және ТМД елдерінің Халықаралық Биржалар Қауымдастығы (ТМД ХБК) мүшесі болып табылады және осы ұйымдардың жұмысына белсенді қатысады.

Биржа қаржы технологиялары, шағын орта бизнес, дамушы нарықтардың қызметі және тұрақты даму мәселелері бойынша WFE жұмыс топтарына кіреді. Жұмыс топтары шеңберінде Биржа дамушы нарықтарға шетелдік инвесторларды тарту және ШОБ-ты қор нарықтарына тарту мәселелері бойынша тергеулерге қатысты.

FEAS аясында, Биржа реттеу, инвесторлармен өзара іс-қимыл және тұрақты даму жүйелері мәселелері бойынша бірқатар жұмыс топтарына кіреді, Биржа Басқармасының Төрағасы 2015 жылдан бастап 2018 жылға дейін FEAS жұмыс комитетінің төрағасы болды. Биржа FEAS дамуының жаңа стратегиясын әзірлеуге белсенді қатысты. FEAS-ға белсенді қатысу халықаралық тәжірибені зерделеумен сүйемелденеді және Биржаның шетелдік биржалармен және олардың қатысушыларымен халықаралық қарым-қатынасын нығайтуға мүмкіндік береді.


2018 жылдың қараша айында Биржа ҚРҰБ және ҚҚҚ мен Биржамен бірлесіп ұйымдастырылған VIII қаржыгерлер конгресі аясында "Экономиканың тұрақты дамуындағы қор биржаларының рөлі" Қазақстандық биржалық форумын өткізді. Осы форумға шетелдік биржалар, биржалық қауымдастықтардың төрағалары және халықаралық қаржы ұйымдарының өкілдері қатысты. Іс-шара аясында ТМД ХБК мүшелерінің кезектен тыс отырысы өткізілді, онда қатысушылар іске асырылған жобалармен бөлісіп, жалпы стратегиялық жоспарларды талқылады.

2018 жылы екі биржаның арасындағы ынтымақтастықты тереңдетуге бағытталған, "Тошкент" (UZSE) Республикалық қор биржасымен ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойылды. Ынтымақтастық шеңберінде биржалық нарықтарға рұқсат беру туралы, тәжірибе алмасу туралы, бағалы қағаздарды Биржада және UZSE-де орналастыруға және айналысқа жіберуге өзара рұқсат беру туралы мәселелер қарастырылады.

Биржа тәжірибе және биржалық ақпарат алмасу есебінен екі тараптың жұмыс тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында Баку қор биржасымен (BSE) ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойды.

Биржаның Біріккен Ұлттар Ұйымының "Тұрақты Қор Биржалары" (SSE бастамасы) бастамасына қосылуы аясында, биржа дамушы нарықтардағы компаниялар үшін ақпаратты ашу, экологиялықты, әлеуметтік жауапкершілікті және корпоративтік басқаруды бағалау практикасын (ESG критерийлері) ашықтық пен таратуды қамтамасыз ету мәселелері бойынша International Finance Corporation (IFC) ұйымдастырған дөңгелек үстел отырысына қатысты.

Биржа АҚШ, Ұлыбритания, Қытай, БАӘ, Египет, Катар, Греция, Оман сұлтанаты, Ресей, Өзбекстан және Тәжікстанда жұмыс сапарларын, презентациялармен сөз сөйлеуді, қаржы ұйымдарымен, биржалармен және реттеушілермен таныстыру және түсіндіру кездесулерін өткізді.



КОРПОРАТИВТІК ЕСЕП


- 62 Корпоративтік басқару
- 66 Тәуекелдерді басқару жүйесі
- 68 Ішкі аудит
- 69 Корпоративтік жауапкершілік және персонал

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

Акционерлер туралы ақпарат

2019 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша Биржаның жарияланған акцияларының жалпы саны 5 млн дана болғды, олардың 942 013 акциясы орналастырылған, 13 329 акциясын Биржа кері сатып алды, 51 тұлға Биржаның акционері болып табылады, соның ішінде банктер, брокерлік ұйымдар, бөлшек инвесторлар – жеке тұлғалар. Биржаның орналастырылған акцияларының жалпы санынан 50,1 % Ұлттық Банктің еншісінде болды.

KASE акционерлерінің құрылымы, %



Акционерлердің жалпы жиналысы

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысы Биржаның жоғарғы басқару органы болып табылады. Акционерлердің құзіреттілігіне жатқызылған сұрақтардың тізімі Қазақстан Республикасының "Акционерлік қоғамдар туралы" заңымен және Биржаның жарғысымен белгіленген.

2018 жылдың 30 мамырында акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің жаңа құрамын қалыптастырды:

- Директорлар кеңесінің үш сайналбайтын мүшесі (уәкілетті орган және "алтын акцияның" иесі ретінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің екі өкілі және Биржа Басқармасының Төрағасы лауазымы бойынша);
- үш Биржаның тәуелсіз директоры;
- үш Биржа акционерлерінің мүдделерін өкілдеушілер.

KASE Директорлар кеңесі

Директорлар кеңесі Биржаның басқару органы болып табылып, Қазақстан Республикасының "Акционерлік қоғамдар" заңымен және/немесе Биржаның жарғысымен Биржа акционерлерінің жалпы жиналысының құзіреттілігіне жатқызылған сұрақтар бойынша шешімдер қабылдаудан басқа, Биржа қызметіне жалпы жетекшілік етеді.

2018 жылы KASE Директорлар кеңесінің отырыстары Директорлар кеңесі туралы қағидаға сәйкес тұрақты негізде өткізіліп тұрды. Қажетіне қарай Директорлар кеңесі кезектен тыс отырыстар да өткізілді.

Есептік кезеңде Директорлар кеңесінің отырыстарында стратегиялық сұрақтармен қатар, оның құзіреттілігіне жатқызылған Биржаның қызметіне қатысты ағымдағы сұрақтар қаралды. Қаралған сұрақтар мен олар бойынша қабылданған шешімдер мен, оның мүшелерінің сырттай дауыс беру арқылы қабылдаған, шешімдері Биржаның Директорлар кеңесінің отырыстары хаттамаларында көрсетілген.

Есептік жылда Биржаның Директорлар кеңесі Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар туралы, акционерлік қоғамдар туралы заңнамасына сәйкес, 24 көзбе-көз және Директорлар кеңесі мүшелерінің 14 сырттай дауыс бергенотырысы өтәп, Биржаның ішкі қызметін реттейтін 48 құжат, соның ішінде Биржаның ішкі құжатына енгізілген түзетулер бекітілді.

Директорлар кеңесінің құрамына 2018 жылы келесі тұлғалар кірді:

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Бағалы қағаздар нарығы туралы" заңына сәйкес уәкілетті органның өкілдері

Құрманов Жанат Бостанұлы
(Директорлар кеңесінің төрағасы) – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары;

Мұхамеджанов Әділ Нұрланұлы
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Монетарлық операциялар департаментінің директоры;

Биржаның жарғысы негізінде атқарушы органның жетекшісі

Алдамберген Алина Өтемісқызы
KASE Басқармасының Төрайымы;

Қазақстан Республикасының "Акционерлік қоғамдар туралы" заңына сәйкес басқару органына сайланатын мүшелер

Әбдіразақов Елдар Советұлы
"СентрасСекьюритиз" АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы;

Аюпов Талғат Жолдасбекұлы
"Қазақстан Халық Банкі" АҚ Қазынашылығының директоры;

Дамитов Қадыржан Қабдөшұлы
KASE тәуелсіз директоры
Директорлар кеңесінің мүшесі – "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ тәуелсіз директоры;

Кышпанакров Виктор Алексеевич
"Банк ЦентрКредит" АҚ еншілес ұйымы "BCC Invest" АҚ Басқарма Төрайымының орынбасары;

Марич Игорь Леонидович
KASE тәуелсіз директоры
"Московская Биржа ММВБ-РТС" КАҚ Басқарма мүшесі – Ақша және мерзімдік нарықтар бойынша басқарушы директор;

Ташметов Мирлан Жапарбекұлы
KASE тәуелсіз директоры.

Директорлар Кеңесі жанындағы биржада аса маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесіне ұсыныстар дайындау үшін Директорлар Кеңесінің келесі комитеттері және биржа комиссиялары жұмыс істейді.

Қазақстан Республикасының "Акционерлік қоғамдар туралы" заңына сәйкес:

- Бюджет және стратегиялық жоспарлау жөніндегі Директорлар кеңесінің комитеті;
- Ішкі аудит жөніндегі Директорлар кеңесінің комитеті;
- Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі Директорлар кеңесінің комитеті.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысымен бекітілген Сауда-саттықты ұйымдастырушының ұйымдық құрылымына және қор биржасының листингтік комиссиясының құрамына қойылатын талаптарға сәйкес биржада мыналар әрекет етеді:

- Листингтік комиссия;
- Эмитенттердің қаржылық есептілігі және аудиті бойынша Директорлар кеңесінің комитеті.

Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген қаржы құралдарымен мәмілелерді жүзеге асыру процесінде туындайтын даулар мен жанжалдарды шешу тәртібіне сәйкес даулар мен жанжалдарды шешу жөніндегі Комиссия жұмыс істейді.

Биржа Басқармасы

Басқарма Биржаның алқалық атқарушы органы болып табылады және Қазақстан Республикасының "Акционерлік қоғамдар туралы" Заңымен және биржа жарғысымен акционерлердің жалпы жиналысының және/немесе Биржаның Директорлар Кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Биржаның ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асырады.

Биржа Директорлар Кеңесінің 2017 жылғы 20 шілдедегі шешімімен KASE басқарма мүшелерінің өкілеттігі 2020 жылдың шілдесіне дейін ұзартылды.

Биржаның Директорлар кеңесі комитеттерінің және комиссияларының құрылу және жұмыс істеу тәртібі олардың саны, сондай-ақ олардың құзыреті, функциялары, сандық құрамы Директорлар кеңесі бекітетін қоғамның ішкі құжаттарымен реттеледі.

2018 жылы өткізілді:

- Бюджет және стратегиялық жоспарлау бойынша Биржаның Директорлар Кеңесі Комитетінің 16 отырысы;
- кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі Биржаның Директорлар кеңесі Комитетінің 12 отырысы;
- Ішкі аудит бойынша Биржаның Директорлар Кеңесі Комитетінің 11 отырысы;
- Листингтік комиссияның 13 отырысы, сондай-ақ осы комиссияның 21 сырттай дауыс беруі;
- қаржылық есептілік және эмитенттердің аудиті жөніндегі комитеттің бес отырысы.

2018 жыл ішінде Директорлар кеңесі Биржаның корпоративтік басқару кодексінде, Биржаның жарғысында және Директорлар кеңесі туралы ережеде белгіленген мақсаттарға, міндеттерге және функционалдық міндеттерге, соның ішінде Биржаның 2018 жылдың жағымды қаржылық нәтижелеріне әсер етті.

Биржа Басқармасының Құрамы:

Алдамберген Алина Өтемісқызы – Басқарма Төрайымы;

Сабитов Идель Марсильевич – Басқарма Төрайымы орынбасары;

Турмагамбетов Кайрат Жумабекович – даму жөніндегі басқарушы директор;

Хорошевская Наталья Юрьевна – Басқарма Төрайымы орынбасары

Цалюк Андрей Юрьевич – Басқарма Төрайымы орынбасары

Сыйақылар туралы ақпарат

Директорлар кеңесі мен Биржа Басқармасының мүшелеріне сыйақы және шығын өтемақысын төлеу олармен жасалған келісім-шарттардың талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Аталған басшы қызметкерлердің сыйақы мөлшері тиісті қаржы жылына сәйкес

Биржаның қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелеріне байланысты Директорлар Кеңесінің мүшелеріне қатысты акционерлердің жалпы жиналысымен және Басқарма мүшелеріне қатысты Директорлар Кеңесімен анықталады.

Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақы беру

Қазақстан Республикасының "Акционерлік қоғамдар туралы" заңына, Биржаның жарғысына және Директорлар кеңесі туралы Ережеге сәйкес:

- Директорлар кеңесі мүшелерінің ай сайынғы сыйақысы Биржа акционерлерінің жалпы жиналысының шешімімен анықталады;
- Директорлар Кеңесінің кез келген мүшесінің жылдық сыйақы мөлшері сыйақы беру жүзеге асырылатын жылдың барлық айлары үшін Директорлар кеңесінің осы мүшесіне төленген ай сайынғы сыйақының жалпы сомасының 85 % - ынан аспауы тиіс;
- жылдық сыйлықақылы сыйақы есепті қаржы жылында Директорлар кеңесі отырысының, Директорлар кеңесі мүшелерінің сырттай дауыс берулері, Директорлар кеңесі комитеттерінің, Биржаның басқа да тұрақты жұмыс істейтін комитеттері мен комиссияларының отырыстарының 50 % кем емес мүшесі болған Директорлар Кеңесінің мүшелеріне төленбейді.

2018 жыл ішінде Биржаның Директорлар Кеңесінің мүшелеріне 47 879 434 (қырық жеті миллион сегіз жүз жетпіс тоғыз мың төрт жүз отыз төрт) теңге төленді.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының өкілдері болып табылатын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сыйақы ала алмайтын тұлғаларға жататын Биржаның Директорлар кеңесінің Мүшелеріне сыйақы белгіленбейді және төленбейді:

- "Бағалы қағаздар нарығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 84-бабы 4-тармағы және Биржа жарғысының 17-бабы 3-тармағы 1) тармақшасы негізінде Директорлар кеңесінің құрамына кіретін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің өкілдеріне;
- Биржа жарғысының 17 бабы 3 тармағының 2) тармақшасы негізінде, лауазымы бойынша Директорлар кеңесінің құрамына кіретін, Биржа Басқармасының Төрағасына.

Биржа Басқармасы мүшелеріне сыйақы беру

Қазақстан Республикасының "Акционерлік қоғамдар туралы" заңына, Биржа жарғысына және Басқарма туралы Ережеге сәйкес:

- Басқарма мүшесінің лауазымдық жалақысының ай сайынғы мөлшері Директорлар кеңесінің шешімімен айқындалады;
- Басқарма және Биржа қызметінің нәтижелерін қарау қорытындысы бойынша Директорлар кеңесі есепті жылдағы Басқарма мүшелерінің жылдық сыйақы мөлшерін белгілеу туралы шешім қабылдайды;

- Басқарма мүшелерінің жылдық сыйлықақы сыйақысы мөлшері есепті жыл ішінде басқарманың әрбір мүшесінің жұмысын бағалау нәтижелері бойынша Директорлар кеңесінің шешімімен айқындалады;
- Директорлар кеңесі Басқарма мүшесіне бір жолғы төлеу туралы шешім қабылдай алады.

2018 жыл ішінде Биржа Басқармасының мүшелеріне 195 665 726,91 (жүз тоқсан бес миллион алты жүз алпыс бес мың жеті жүз жиырма алты) теңге 91 тиын төленді.

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

Биржада тәуекелдерді басқару Биржаның корпоративтік мәдениетінің ажырамас бөлігі болып табылады және стратегиялық шешімдер қабылдауда маңызды рөл атқарады.

Тәуекелдерді басқару ISO 31000, 27001, 22301 халықаралық стандарттарының ұсынымдарына және Ұлттық реттеуіштің талаптарына сәйкес барлық деңгейлерде жүзеге асырылады.

Есепті жылы тәуекелдерді басқару жүйесінің тәуекелдерді басқару саласындағы ISO 31000 халықаралық стандартының талаптарына сәйкестігіне өзін-өзі бағалау жүргізілді. Өзін-өзі бағалау қаржы нарығының инфрақұрылымдық ұйымы және қаржы қызметін жүзеге асыратын ұйым ретінде Биржаның мәртебесін негізге ала отырып жүргізілді. Тәуекелдерді басқару жүйесі көбінесе ISO 31000 стандартының ұсынымдарының талаптарына сәйкес келеді және Биржа қызметінің тәуекелдерін басқару бойынша қолданыстағы ішкі құжаттарда ескерілген. Тұрақты негізде тәуекелдерді басқару жүйесін және тәуекелдерді азайту бойынша рәсімдерді жетілдіру бойынша жұмыс жүргізіледі.

Тиісті құрылымдық бөлімшелер тәуекелдерді басқару жүйесін үнемі жетілдіруді, тәуекелдерді тәуелсіз бағалау мен мониторингті қамтамасыз етеді. Ішкі аудит қызметі тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің барабарлығы мен тиімділігіне баға береді, биржа жұмысын жақсарту бойынша ұсыныстар әзірлейді.

Тәуекелдерді басқару жүйесін құру кезінде Биржа келесі қағидаттарды басшылыққа алады:

- мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған қызметті құру және қорғау;
- Биржа қызметінің барлық бағыттарының ажырамас бөлігі ретінде тәуекелдерді басқару;
- шешім қабылдау процесінің бір бөлігі ретінде тәуекелдерді басқару;
- белгісіздікті және оны білдіру мүмкіндігін қарастыру;
- тәуекелдерді басқарудың жүйелі, құрылымдық және уақтылы тәсілін пайдалану;

- тәуекелдерді басқару кезінде қолда бар ақпаратты пайдалану;
- тәуекелдерді басқару жүйесінің биржа қажеттіліктеріне сәйкестігі;
- тәуекелдерді басқару жүйесін құру кезінде адами және мәдени факторларды есепке алу;
- тәуекелдерді басқару жүйесінің ашықтығы және барлық мүдделі тараптарды тарту;
- сыртқы және ішкі оқиғалар өзгергенде жүйенің өзгеруі;
- биржа қызметін тұрақты жақсарту;
- тәуекелдерді сәйкестендіру мақсатында Биржаның әрбір бөлімшесінің өз қызметіне мұқият шолу және мониторинг жүргізу.

Биржа өз қызметінің мақсаттары үшін тәуекелдерді келесі түрде топтастырады:

- операциялық;
- несиелік;
- нарықтық және жүйелік;
- құқықтық;
- бедел;
- өтімділікті жоғалту тәуекелдері;
- өзге де тәуекелдер.

Бизнес-процестерге тәуекелдерді басқару функцияларын ықпалдастыру тәуекелдерді уақтылы анықтауға, олардың әсерін бағалауға, теріс әсерді азайту және/немесе оларды болашақта іске асыру ықтималдығын төмендету мақсатында оларға тиімді ден қоюға мүмкіндік береді.

Есепті кезеңде тәуекелдерді басқарудың тиімді процесін қолдау мақсатында тұрақты негізде:

- тәуекелдерді анықтауға, сәйкестендіруге, бағалауға және оларды бақылауға байланысты мәселелер бойынша құрылымдық бөлімшелер арасында ақпарат алмасу жүргізіледі;
- тәуекелдерді төмендетуге және алдын алуға бағытталған шаралар қабылдануда, жұмыстың біріздендірілген рәсімдері мен тәуекелдерді басқару жүйесінің элементтері енгізілді, ағымдағы тәуекелдерді бағалау жүргізіледі, оның ішінде мониторинг жүргізіледі, тәуекелдерді басқару жүйесінің

- параметрлері қайта қаралды, Биржа қызметінің регламенттерін жетілдіру бойынша жұмыс жүргізіледі, тәуекелдерді азайту мақсатында қарастырылған барлық жоспарланған іс-шараларға мониторинг және бақылау жүргізіледі;
- жеке портфельдің, клирингілік қорлар портфелінің және клирингілік қатысушыларды қамтамасыз ету портфелінің тәуекелдерін стресс - және бэк-тестілеу жүргізіледі;
- халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына негізделген қаржы құралдары бойынша провизияларды есептеу әдістемесі әзірленді және қолданылады;
- Биржа қызметкерлерінің тәуекел-мәдениетін арттыру, сондай-ақ басқарушылық және операциялық шешімдерді қабылдау кезінде тәуекел-бағытталған тәсілді енгізу және қолдану мақсатында құрылымдық бөлімшелердің басшылары үшін тәуекелдерді басқару жүйесі бойынша және тәуекелдерді басқару жүйесінің ішкі құжаттары бойынша оқыту жүргізілді, тәуекелдерді уақытылы анықтау және сапалы басқару бөлігінде бөлімше басшыларымен түсіндіру сұхбаттары жүргізілді. Тәуекелдерді, тәуекелдерді басқару жүйесіне қойылатын талаптарды анықтаған тәуекелдер мен бөлімшелер иелерінің бөлімше қызметкерлерінің дұрыс түсінуі, әрбір қызметкердің жауапкершілік деңгейін арттыру мақсатында, құрылымдық бөлімшелердің тәуекел оқиғалары туралы ақпаратты ұсыну барысында биржа қызметкерлеріне тұрақты негізде кеңестер жүргізіледі;
- Биржа Басқармасы жанынан құрылған алқалы орган болып табылатын инвестициялық комитет қабылданған инвестициялық саясатқа сәйкес және қаржы құралдарына тән тәуекелдерді бағалауды ескере отырып, активтерді инвестициялау бойынша шешім қабылдайды. Биржа инвестициялық қызмет бойынша нормативтік базаны жетілдіру бойынша жұмыс жүргізді, соның ішінде қаржы құралдарының дефолтының ықтималдығын анықтау әдістемесі әзірленді; есепті кезеңде сонша мәселе қаралды. Есепті кезеңде инвестициялық комитеттің 49 отырысы өткізілді;
- Биржада қаржы нарықтарындағы ахуалға, Биржаның қызметіне, оның контрагенттеріне - Биржа мүшелеріне,

- эмитенттерге және инвесторларға байланысты тәуекелдерді талдау, мониторингілеу, анықтау және басқару, Биржаның Басқармасы жанындағы тұрақты жұмыс істейтін алқалы нарықтық тәуекел комитеті жұмыс істейді;
- оның міндеттері қаржы нарықтарындағы жағдайға, Биржаның, оның контрагенттері - Биржа мүшелерінің, эмитенттер мен инвесторлардың қызметіне байланысты тәуекелдерді талдау, мониторингілеу, анықтау және басқару болып табылады. Есепті кезеңде нарықтық тәуекелдер бойынша Комитеттің 20 отырысы өткізілді;
- тәуекелдерді сәйкестендіру рәсімі жүргізіледі, атап айтқанда барлық бизнес-процестерді жан-жақты талдау негізінде тәуекел объектілерінің тәуекел факторларын анықтау жолымен тәуекелдер тіркелімін және тәуекелдер картасын, тәуекелдердің негізгі индикаторларын қалыптастыру және одан әрі мониторингілеу мақсатында тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау бойынша сауалнама жүргізілді.

2018 жылы Биржа клирингтік қызметті кеңейту бөлігінде KASE 2016-2018 жылдарға арналған даму стратегиясын іске асыру аясында шетел валюталары нарығында орталық контрагенттің функцияларын орындай бастады.

Шетел валюталары нарығында орталық контрагенттің болуы биржалық валюта нарығының қатысушыларына сауда-саттыққа қатысушылардың қандай да біреуі міндеттемелерін орындамаған жағдайда жасалған мәмілелер бойынша олардың талаптарын орындаудың қауіпсіздігін және кепілдігін қамтамасыз етеді, бұған валюта нарығында тәуекелдерді басқару жүйесін қалыптастыру арқылы қол жеткізіледі. Орталық контрагентті енгізу жөніндегі жобаны іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ішкі нормативтік құжаттаманы өзектендіру және жаңарту бойынша жұмыс жүргізілді.

Биржа құрылымының өзгеру динамикасын және биржа қызметін дамыту бойынша стратегиялық жоспарларды ескере отырып, тұрақты негізде тәуекелдерді басқару жүйесін оңтайландыру және жетілдіру, сондай-ақ басқарушылық шешімдерді қабылдау кезінде тәуекелдік-бағытталған тәсілді қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізіледі.

КЖ/ТҚҚ бөлігінде Биржа оның қызметінің заңсыз жолмен алынған кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылға бағытталған шараларды қабылдау жолымен ҚР заңнамасының талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етеді. Қаржы мониторингінің субъектісі бола отырып, биржа КЖ/ТҚҚ бойынша ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес, қаржы мониторингіне жататын, биржа клиенттерімен жасалған

операциялар туралы уәкілетті органды хабардар етеді. Биржа клиенттерге тиісті тексеру жүргізу және қаржы мониторингіне жататын операцияларды анықтау бойынша процедураларды әзірледі.

ІШКІ АУДИТ

Биржада Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз қызметін жүзеге асыратын Ішкі аудит қызметі жұмыс істейді. Қызмет Корпоративтік басқару және Биржаның операциялық қызметі саласындағы тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің тиімділігін қамтамасыз ету бөлігінде бағалайды:

- Биржа қызметінің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, жарғыға, ішкі құжаттарға, биржа органдарының шешімдеріне сәйкес келуі;
- Биржаның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу;
- Биржа қызметінің даму жоспарларын және жұмыстарын орындау шеңберіндегі нәтижелілігі;
- Биржаның қаржы-шаруашылық қызметі туралы ақпараттың шынайылығы мен тұтастығы;
- Биржа активтерінің сақталуы;
- ақпараттық жүйелердің, үдерістер мен процедуралардың, Биржаның ұйымдық құрылымының сапалы қызмет етуі, олардың қолданыстағы стандарттар мен "үздік

тәжірибелерге" сәйкестігі, өз қызметін қамтамасыз ету және мақсаттарға жету үшін Биржа ресурстарының жеткіліктілігі;

- Биржаның ақпараттық активтерінің қауіпсіздігі (қорғалуы).

Ішкі аудит қызметі Биржа қызметіндегі бақылау ортасының және тәуекелдер деңгейінің өзгеруін жеке тексерулерді орындау шеңберінде қолданылатын тәсілдерді тиісті өзгерту үшін тұрақты негізде қадағалайды. Тәуекелдерді басқару және Биржаның ішкі бақылау жүйелерін жетілдіру үшін анықталған кемшіліктер мен мүмкіндіктер, сондай-ақ жүйелерді жақсарту үшін ұсыныстар Ішкі аудит қызметінің есептерінде көрсетіледі, олар Биржаның жауапты бөлімшелеріне, басқармасына және Директорлар Кеңесіне жеткізіледі. Қызмет ұсынымдары негізінде Биржа Басқармасы Биржа бөлімшелерінің орындауы үшін іс-шаралар жоспарын бекітеді, ал Ішкі аудит қызметі аталған жоспарлардың жүзеге асырылуына тұрақты мониторинг жүргізеді.

КОРПОРАТИВТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ПЕРСОНАЛ

KASE корпоративтік жауапкершілікті персоналды басқару саясаты арқылы жүзеге асырады, соның ішінде KASE ұжымында жағымды және шығармашылық атмосфераны жасау, мамандарды таңдау және қабылдау жүйесі, жұмыскерлердің қызметінің тиімділігін бағалау, корпоративтік мәдениетті қалыптастыру, сондай-ақ KASE персоналын оқыту және дамыту арқылы қалыптастырады.


HR-статистика

2019 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша KASE штатының саны 153 бірлік болды, бұл ретте тізімдік саны – 147 бірлік.

Төменде есептік жылдың соңындағы KASE персоналының құрылымы туралы негізгі мәліметтер берілген.

KASE қызметкерлерінің жас ерекшеліктері

KASE қызметтерінің жастары бойынша топтары



▲ 30 жасқа дейін	28
▲ 40-тан 50-ге	38
▲ 40-тан 50-ге	23
▲ 50 жаста	11

2018 жылы қызметкерлердің негізгі құрамы 30 жастан 40 жасқа дейінгі мамандар болды. Қызметкерлердің орташа жасы – 36 жас. Бұл ретте жаңадан қабылданған 30 жасқа дейінгі жас мамандардың үлесі 2018 жылы 45 % құрады.

KASE білімдік құрылымы


Биржа өз қызметкерлерінің жаңа білім алуға және құзіреттіліктері мен білімдерін жетілдіруге ұмтылысын қолдайды. Есептік жылдың соңындағы жағдай бойынша KASE қызметкерлерінің негізгі құрамы (97 %) жоғарғы білімді, олардың 20 % жоо-дан кейінгі білім алған, соның ішінде ғылым докторлары (7 %) бар. Бұл ретте қызметкерлердің 10 % Қазақстан Республикасынна тыс жерде білім алған.

KASE гендерлік құрамы

KASE әйелдердің құқықтары мен экономикалық мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында, сондай-ақ олардың қоғамдағы атқаратын рөлін арттыру үшін, гендерлік теңдікті қолдау бойынша дүниежүзілік бастамаларға қосылды.

Әйел жынысты қызметкерлердің жалпы саны 61,9 %, ал ерлер саны 38,1 %. Бұл ретте топ-менеджмент (Директорлар кеңесі) деңгейінде гендерлік құрам негізінен ерлермен өкілденген (88,8 %).

KASE қызметкерлерінің гендерлік белгі бойынша бөлінуі



Персоналды басқару саясатын іске асыру


Персоналды басқару саясатын іс асырғанда KASE Биржаның бизнес-үдерістерінің оңтайландырылуына, персоналдың тұрақтылығы, олардың қызметін бағалауға, KASE корпоративтік мәдениетін қалыптастыруға, сондай-ақ персоналдың оқуы мен білімін жетілдіруге ерекше назар аударады.

KASE құрылымдық бөлімшелерінің жұмыс тиімділігін арттыру мақсатында басқарушы директорлар лауазымдары енгізілді, олардың негізгі мақсаты келесідей бағыттары бойынша – листингтік процедуралады жетілдіру, эмитенттер мен инвесторларды тарту, сондай-ақ KASE мүшелерімен өзара әрекеттесу бойынша бизнесті дамытуға бағытталған жобаларды іске асыру болып табылады.

KASE персоналының тұрақтылығы

Мамандар тұрақтылығының маңызды көрсеткіші мамандар тұрақтамауының өте төмен деңгейі, осы көрсеткіш 2018 жылы 12,67 % құрады.

Бұл ретте қызметкерлердің көпшілігінің (37 %) Биржадағы еңбек өтілі бір жылдан 5 жылға дейін, 13 % Биржада 10 жылдан астам уақыт еңбек етеді, қызметкерлердің 7,6 % Биржада 20 жылдан астам уақыт жұмыс істейді.



Жұмыскерлердің қызметін бағалау

Персоналды басқару саясатына сәйкес, жұмыскерлердің қызметін бағалау жүйесі Биржаның алға қойған корпоративтік және жеке мақсаттар мен жоспарларды жүзеге асыруға жетуді ынталандыру, сондай-ақ жалпы Биржаның персоналы жұмысының тиімділігін арттыру мақсатында жүзеге асырылады.

Персоналды оқыту және білімін жетілдіру

Оқыту және біліктілікті арттыру KASE персоналын басқару саясатының бір бөлігі болып табылады. Осы бағыттағы негізгі приоритеттер, KASE стратегиялық мақсаттарына жету үшін қажетті, жаңа білімдер мен тәжірибе алу болып табылады. 2018 жылы Биржаның 40 қызметкері салықтық заңнаманың өзгерістері, тәуекелдерді басқару, заңсыз кірістерді жылыстау мен ланкестікті қаржыландылуға қарсы әрекет, стратегиялық және операциялық менеджмент, PL/SQL пакеттері мен бағдарламалық бірліктерін зөөрделеу, сондай-ақ АТ-қызметтерін эксплуатациялау және қолдау сияқты бағыттар бойынша оқудан өтті.

KASE корпоративтік мәдениетін дамыту

Персоналдың материалдық емес ынталандыруның ең маңызды құраушысы болып табылатын, негізқұраушы құндылықтар мен стандарттардың жүйесін қалыптастыратын, персоналды тұрақтандырып, ұжымдағы жағымды психологиялық жағдай жасайтын, соның ішінде ұжымның ұйымшылдығын қолдап, жұмыскерлердің алға қойылған мақсаттарға жетуін ынталандыратын, KASE корпоративтік мәдениеті болып табылады.

Ішкі коммуникацияларды жетілдіру мақсатында 2018 жылы корпоративтік іс-шаралар жүзеге асырылды. Биржаның қызметкерлері Наурыз мейрамы, Алматы марафон, Балаларды қорғау күні, KASE бұрынғы қызметкерлерінің қатысуымен тимбилдинг, Биржаның 25-жылдығы, Жаңа жыл және басқа да ішкі корпоративтік іс-шаралардың ұйымдастырып өткізуге белсене қатысты.

KASE 25-жылдығына орай өткізілген іс-шаралар шегінде KASE командасы Үлкен Алматы Шыңының (3 681 м) басына шығып Биржаның туын тікті.

25 жылдыққа орай Биржаның 44 қызметкері, соның ішінде бұрын еңбек еткен қызметкерлері, "KASE ардагерлері", "Биржаның құрметті қызметкерлері" және "Биржаның дамуына қосқан үлесі үшін" номинациялары бойынша марапатталды.

Қазақстанның ұлттық валютасының ширек ғасыр мерейтойын атап өтуге орай, мінсіз еңбегі, сондай-ақ Қазақстанның қаржы секторының дамуына қосқан зор үлесі үшін, 12 қызметкер "Үлес" медалімен марапатталып, бір қызметкер "Құрметті қаржыгер" ҚҚА Қоғамдық орденімен наградталды.

Әлеуметтік жауапкершілік

Тұрақты дамуды іске асыру мақсатында, KASE өзінің корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігіне назар аударады, осы қызметтің бір бағыты

Жастардың қаржылық сауаттылығын арттыру болып табылады. Осылайша 2018 жылы Биржада 28 студент, соның ішінде Оман Сұлтанатының студенттері, тәжірибе алып, машықтанды.

Биржаның түрлі бөлімшелерінің қызметкерлері, KASE жетекшілігі Биржада және ЖОО-ларда тұрақты түрде қор нарығымен таныстыру дәрістерін өткізіп тұрады. 2018 жылы төрт таныстыру дәрісі өткізілді: Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің магистранттары үшін (37 қатысушы), ALMAU студенттері үшін (42 қатысушы), Қазақ-неміс университетінің студенттері үшін (15 қатысушы), Каспий университеті үшін (10 қатысушы) және Республикалық физика-математикалық мектебінің оқушылары үшін (66 участников).

2018 жылы KASE қызметкерлері әлеуметтік жауапкершілік танытып, қарттар үйінде тұрып жатқан, егде жастағы жалғыз басты адамдарға сурет салудан шебер-класын ұйымдастырып, іс-шараға қатысушылармен бірге бір дастарханда шай ішіп, сурет салуға арналған құралдарын сыйға тартты.

Экологиялық жауапкершілік

Өз қызметінде KASE экологиялық принциптерін ұстануды жалғастырды:

- қағаз, жарату мариалдарын эәне энергиялы ресурстарды ұқыпты пайдалану бойынша шаралар қолданылады;
- электрондық құжатайналым, соның ішінде электрондық есеп берушілік жүйесі жетілдіруде;
- энергияны тұтынуды төмендету және жнергиялық тиімділікті арттыру бойынша шаралар қолданылуда.

ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН ТЕРМИНДЕР



BSE	Баку қор биржасы
Clearstream	Deutsche Börse Group тобына кіретін, халықаралық бағалы қағаздардың орталық депозитарийі
CNY/KZT	есептесуі теңгемен қытай юані
EBRD	European Bank for Reconstruction and Development
ETF	Exchange Traded Fund, саудаланатын биржалық қор
Euroclear	еурооблигациялар мен басқа да бағалы қағаздардың қайталама нарығындағы банктердің арасындағы есеп айырысудың клирингілік жүйесі
EY	Ernst & Young
FEAS	Federation of Euro-Asian Stock Exchanges
GRI	Есеп берушілік бойынша жаһандық бастама
IFC	International Finance Corporation
IIRC	Международный Совет по интегрированной отчетности
IPO	Initial Public Offering (первичное публичное размещение)
is2in	электрондық құжатайналым жүйесі
IT	Information Technology (Ақпараттық технологиялар)
KASE	"Қазақстан қор биржасы" АҚ атауының аббревиатурасы
KASE_BMC	негізгі сауда-саттық алаңының корпоративтік облигацияларының таза бағалар индексі
KASE_BMY	негізгі сауда-саттық алаңының корпоративтік облигацияларының кірістілік индексі
KAZRC	Ресурстар мен қорлар бойынша көпшілікке есеп берудің Қазақстандық ассоциациясы
LSE Group	Лондон қор биржасының тобы
MiFid	The Markets in Financial Instruments Directive — қаржы құралдарына инвестициялауды реттейтін, Еуроодақтың директивасы
MOEX	"Мәскеу Биржасы" КАҚ
MSCI Russia	Morgan Stanley Capital International Russia



MSCI EmerginMarkets	Morgan Stanley Capital International Emerging Markets
Road-show	эмитент-компанияның бағалы қағаздарын шығарғанда әлеуетті инвесторлармен және талдаушылармен кездесулер сериясы
RUB/KZT	есептесуі теңгемен Ресей рублі
S&P 500	500 таңдамалы АҚШ компанияларының қор индексі
SASB	АҚШ тұрақты даму туралы есеп берушіліктің стандарттары жөніндегі кеңес
TOD	мәміле жасалған күні орындалатын, есеп айырысудың шарты ("today" ағылшын сөзінен)
TOM	мәміле жасалған күнінен кейінгі келесі жұмыс күні орындалатын, есеп айырысудың шарты ("tomorrow" ағылшын сөзінен)
TONIA	Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарымен автоматты репо нарығында мерзімі бір күндік репо операциясының ашылу мәмілесі бойынша орташа сараланған пайыздық мөлшерлеме
TWINA	Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарымен автоматты репо нарығында мерзімі жеті күндік репо операциясының ашылу мәмілесі бойынша орташа сараланған пайыздық мөлшерлеме
UZSE	"Тошкент" Республикалық қор биржасы
WFE	World Federation of Exchanges
АҚ	акционерлік қоғам
ҚҚА	Қазақстан қаржыгерлерінің ассоциациясы
ТМД ХБА	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің халықаралық биржалар ассоциациясы
ЕДБ	Екінші деңгейдегі банк (банктер)
ЖІӨ	Жалпы ішкі өнім
ЖОО	Жоғарғы оқу орны
БЖЗҚ	"Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ
Биржа	"Қазақстан қор биржасы" АҚ
Брокер–дилерлер	Брокерлік және/немесе дилерлік ұйымдар

ЖДҚ	Жаһандық депозиттік қолхат
ТМК	Тау-кен-металлургиялық компания
ГЦБ	мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар
ЕАЭО	Еуразиялық экономикалық одақ
ЕОБ	Еуропалық орталық банк
SSE бастамасы	Sustainable Stock Exchanges Initiative, тұрақты биржалар үшін БҰҰ бастамасы
ESG критерийлері	экологиялылық, әлеуметтік жауапкершілік және корпоративтік басқарудың критерийлері – Environmental, Social and Governance
МЕККАМ	Қазақстан Республикасы қаржы министрлігінің мемлкеттік қысқа мерзімді қазынашылық міндеттемелері (айналыс мерзімі бір жылға дейін) (қазақша бағалы қағаздар атауының аббревиатурасы)
МЕОКАМ	Қазақстан Республикасы қаржы министрлігінің мемлкеттік орта мерзімді қазынашылық міндеттемелері (айналыс мерзімі бір жылдан бес жылға дейін) (қазақша бағалы қағаздар атауының аббревиатурасы)
МЕУЖКАМ	жинақтаушы зейнетақы қорлары арасында орналастырылатын, Қазақстан Республикасы қаржы министрлігінің мемлкеттік ұзақ мерзімді жинақтаушы қазынашылық міндеттемелері (айналыс мерзімі бес жылдан аса) (қазақша бағалы қағаздар атауының аббревиатурасы)
МЕУКАМ	Қазақстан Республикасы қаржы министрлігінің мемлкеттік ұзақ мерзімді қазынашылық міндеттемелері (айналыс мерзімі бес жылдан аса) (қазақша бағалы қағаздар атауының аббревиатурасы)
млн	миллион
млрд	миллиард
Мәскеу биржасы	"Мәскеу Биржасы" КАҚ
АЕК	Айлық есептік көрсеткіш
ШОБ	шағын және орта бизнес
ХҚҰ	халықаралық қаржылық ұйым (ұйымдар)

ҚРҰБ	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
"Атамекен" ҚРКП	"Атамекен" Қазақстан Республикасы кәсіпкерлерінің ұлттық палатасы"
ББҚ	беймемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар
БАӘ	Біріккен Араб Әмірліктері
БҰҰ	Біріккен Ұлттар Ұйымы
ЗТБ	заңды тұлғалар бірлестігі
Үкімет	Қазақстан Республикасының Үкіметі
КӨП	Кәсіпкерлердің өңірлік палатасы (палаталары)
ТМД	Тәуелсіз Мемлекеттердің Достастығы
БАҚ	Бұқаралық ақпарат құралдары
АҚШ	Америка Құрама Штаттары
Мың	мың
Трлн	триллион
ЖШС	Жауапкершіліге шектеулі серіктестік
Сауда-саттық жүйесі	"Қазақстан қор биржасы" АҚ сауда-саттық жүйесі
"Даму" қоры	"Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" АҚ
ОК	орталық контрагент